

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Көркемөнерден білім беру:
өнер - теориясы - әдістемесі» сериясы

Серия «Художественное образование:
искусство - теория - методика»

№ 4 (29), 2011

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая**



ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

**«Көркеменерден білім беру:
өнер - теориясы - әдістемесі» сериясы**

**Серия «Художественное образование:
искусство - теория - методика»**

№ 4 (29)

Алматы, 2011

Хабаршы. «Көркеменерден білім беру: өнер - теориясы - әдістемесі» сериясы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ. - 2011. – №4 (29).- 108 бет.

Вестник. Серия «Художественное образование: искусство - теория - методика». - Алматы: КазНПУ им.Абая. - №4 (29). - 108 с.

Бас редактор
пед.ғыл.д., профессор Б.А.ӘЛМҰХАМБЕТОВ

Редакция алқасы:
*ҚР СО мүшесі, пед.ғыл.к., профессор Б.Е.Оспанов,
пед.ғыл.д., профессор Л.К.Керімов,
пед.ғыл.к., доцент Н.А.Михайлова,
өнер. ғыл.к., аға оқытушы М.Э.Султанова,
пед.ғыл.к., доцент Н.Б.Рахметова,
пед.ғыл.к., доцент Ш.Ә.Ақбаева (жсауапты хатиши)*

Главный редактор
д.п.н., профессор Б.А.АЛЬМУХАМБЕТОВ

Редакционная коллегия:
*член Союза художников РК, к.п.н., профессор Б.Е.Оспанов,
д.п.н., профессор Л.К.Керимов,
к.п.н., доцент Н.А.Михайлова,
к.иск., ст.преподаватель М.Э.Султанова,
к.п.н., доцент Н.Б.Рахметова,
к.п.н., доцент Ш.А.Ақбаева (ответ.секретарь)*

КӨРКЕМ СУРЕТТЕГІ КӨКЖИЕК СЫЗЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

М.Т. Абдрахманов -

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Көркем сурет» факультеті,
«Академиялық сурет» кафедрасының аға оқытушысы*

Көкжиек сыйығы деп – аспан мен жердің түйісінен пайда болатын сыйықты айтамыз. Көкжиек сыйығы кең жазық далада, ашық теңіз бен мұхиттарда анық көрінеді. Көкжиек сыйығы әрдайын адамның көз деңгейінің бойынан өтеді. Адам баласы қандайда бір деңгейде тұрса да (кең жазықтықта, шатырдың төбесінде, таулы шында, тіпті ұшақпен ұшса да) көкжиек сыйығы өзгермей көз деңгейінде қалады. Сондықтан салынатын бұйымның көрінісі көз деңгейдің қай бөлігінде орналасқанын анықтап алғаннан кейін ғана суреттің орнығын бастау керек.

Суреттемелі зат ауалық кеңестікте немесе бөлме кеңестігінде орналасса да, натурадан қарап суретті салар алдында оның көкжиек сыйығына қандай қатынаста орналасқанын анықтау керек (жоғары немесе төмен).

Көкжиек сыйығы, көздің деңгейіндегі елесті горизонтальды жазықтықтың затпен қылышынан қалыптасады.

Егер біз жоғары көтерілсек немесе төмен түссек, көздің деңгейінің өзгеруімен байланысты көкжиек сыйығының орналасуы да өзгереді.

Заттың көз мөлшерінен төмен немесе жоғары орналасуына байланысты көрінетін бейнесі әртүрлі болады. Сыйықтан жоғары орналасқан заттардың астыңғы бөлігі, табаны анық көрінсе төмен орналасқан нәрселердің төбесі көрінеді. Адамнан қандай да бір жаққа алыстаған горизонтальды сыйықтардың перспективалық бағыты едәуір өзгереді. Горизонтальды сыйықтардың перспективасын жақсы ажыратса білу міндет. Перспективада жазықтықтармен шектелген заттардың беттері көбінесе горизонтальды көрініс береді, олардың негізі барлық бейненің бір түзу сыйықта қылышықан көрінісін дұрыс анықтай алу үшін қажет.

Перспективалық сыйықтарды кез-келген горизонталды кубтың немесе карниздің қыры бойымен анықтауға болады.

Көкжиек сыйығы біздің көзіміз сыйылған бейне бойынша (вертикаль бойынша) неғұрлым алыстаса, солғұрлым үлкен ылди бұрышы пайда болатынын байқаймыз. Көз деңгейінде орналасқан горизонтал-

ды сызық көкжиек сызығымен түйісіп горизонтальды сызықты бейнелейді.

Үйдің шатырына көңіл аударайық. Олардың көздің деңгейінен жоғары орналасады, яғни көкжиек сызығынан биік. Олардың шеттері алыстаған сайын төмен қарай түседі.

Егер үйдің екінші немесе үшінші қабатынан көше бойымен үйлерге көз салсақ, астыңғы қабаттағы пәтерлердің терезелері көкжиек сызығынан төмен орналасқаны, және шеттері алыстау кезінде жоғары қарай бағытталғанын байқаймыз. Көз деңгейіндегі горизонталды сывықтар горизонталды қалпінде қалады. Егер барлығын бір бағытта отырып созсақ, олар көкжиек сызығының бір нұктесінде қылышады, шын мәнісінде бұл нұкте мүлде жок. Горизонталды сывықтардың перспектикалық бағытын кітап сөрелерінде жақсы байқауға болады.

Горизонтальдық сывықтардың бұрыштық ылдиы.

Натурадан сурет салған кезде горизонталды сывықтардың тек жорамал ылдиын көрсету аз. Натурадағы еңкейістің бұрышын дәл анықтап суретте көрсету керек. Мысалы үстелдің үстіне кітапты көз мөлшерінен төмен және көру сәулелері оның шеткі қырларының бірде-біреуіне перпендикулярлы болмайтын етіп орналастырамыз. Кітаптың горизонталды қабырғаларын біз төменнен жоғары көкжиек сызығына қарай жүруін қабылдаймыз. Мұндай көріністі жақсы айқындау үшін кітаптың қолдана көз бағытына перпендикулярлы орналасқан сывыш немесе қарындаштың көмегімен жақсы іске асыруға болады.

Горизонталды қабырғалардың көзге көрінетін ылди бұрыштарын арақашықтықта анықтауға болады. Егер созылған қолда ұстап тұрған қарындашты горизонталды орналастырып, көру сәулесіне перпендикулярлы кітаптың төрт қырлы бұрышының деңгейіне сәйкестіре ұстасақ, кітаптың горизонталды қабырғаларының еңкейу бұрышын көреміз. Бұл бұрыштарды суретте қарындаштың орнына горизонталды сывығын жүргізіп көрсету керек, ал кітаптың қабырғаларының орнына шығатын тиісті ылди түзулерді саламыз.

1. Қамақ Ә.O. «Бейнелеу өнерін оқыту жүйесінде суретсалуға байлудың педагогикалық негіздері». - Тараз 2002.

2. Медведев Л.Г. Академический рисунок. – Омск, 2009.

3. Адамқұлов Н.М., Тұрдығұлов Ж.А. Жобалау негіздері. - Алматы, 2007.

4. Қамақ Ә.O. Бейнелеу өнерін оқыту жүйесінде сурет салуға байлудың педагогикалық негіздері. - Тараз, 2002.

5. Оспанов Б.Е. «Национальная культура как элемент конструирования содержания учебного предмета изобразительного искусства». – Алматы, 2010.

Резюме

В данной статье рассматривается роль и значение художественном творчестве законной перспективы, а так же его внедрение в учебно-воспитательный процесс.

Түйін

Бұл мақалада перспектива заңдылығының көркем шығармашылықтағы орны мен маңызы және оқу-тәрбие процесіне ендірудің жолдары қарастырылады.

Summary

This article examines the role and importance of artistic creativity of legitimate prospects, as well as its implementation in the educational process.

ДИЗАЙН В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЕ

А.Ш. Абижанова –

магистр педагогических наук

Академия Дизайна и Технологий «Сымбат» преподаватель

Известно, что каждая концепция образования прогнозирует, проектирует культуру, которая должна быть развита у подрастающего поколения. При традиционной парадигме образования сложилось понимание «образа культуры» как образа «идеала образованности» через знания и познание. Такой моделью образа культуры служит и ныне действующая модель общеобразовательной школы. В итоге растет количество дисциплин «раскрывающие образ культуры» путем увеличения, объема знаний без совершенствования самого содержания и методов образования [1,5].

Сегодня происходит становление новой образовательной парадигмы, в котором образование, прежде всего, рассматривается как подготовка человека к жизни, включение его в прошлое, настоящее и будущее культуры, в ее движение. Согласно ей предлагается новая модель формирования образа культуры в образовании, а именно как «проектной культуры».

Результатами исследований в области философии, искусствоведения установлено, что одним из важнейших типологических признаков современной культуры является *проектность* как стилевая

чертой современного научного и гуманитарного познания, мышления, связанная с творческой деятельностью человека. Такое понимание проектности как стиля мышления, отвечающего новому положению человека в мире и его взаимоотношению с окружающей средой, привело к вопросу о культурно-типологическом статусе проектности. Отсюда выводится проектность, как актуальнейшая ценность и проблема содержания образования. Исходя из этого положения, понятие «проектная культура» определяется как совокупный опыт материальной культуры, воплощенный в искусстве планирования, изобретения, создания и выполнения [2,45].

Сами процессы планирования, изобретения, создания и исполнения - это функциональные методы познания, необходимые во всякой деятельности.

Поэтому считается необходимым усвоение данного опыта через организацию учебной деятельности учащихся. Для этого необходимо, чтобы школьные учебные предметы были ориентированы на полное раскрытие всех методов научного и гуманитарного сознания, содержащихся в проектной культуре.

Такой взгляд требует нового подхода к отбору содержания образования и к принципам его организации. Исключительное значение при таком отборе содержания образования придается введению в школу нового учебного предмета «Дизайн», в котором гуманитарный и естественнонаучный компоненты представлены в системе содержательных связей и методологически обеспечивают деятельность направленность новой дисциплины. Дизайн считается одной из главных и наиболее развитой и теоретически осмысленной сферой деятельности человека по законам красоты вне искусства. Он охватывает область проектирования, производства бытия вещей, создаваемых с учетом их пользы, удобства и красоты [3,6].

Особенно это важно сегодня, когда в обществе приходят к пониманию необходимости эстетизации материально-предметной среды как одного из компонентов, обеспечивающих высокий уровень общей культуры, который, в свою очередь, позволит развиться проектной деятельности (дизайну). Все это предполагает возможность полного осуществления идеи проектной культуры в сфере образования через проектную деятельность как составляющую часть всех сфер и профессий, тогда как «идея образованности человека» при традиционной парадигме образования не включала в себя проектно-художественные и предметно-средовые характеристики и ценности, входящие в совокупный опыт всего «массива» проектной культуры и опыта по их применению.

С учетом вышесказанных объективных факторов необходим пере-

смотр содержания образования и дальнейшее научное осмысление идеи формирования проектной культуры в сфере образования.

Рассматривая дизайн как продуктивный, междисциплинарный вид деятельности, направленный на функционально-эстетическую гармонизацию предметно-пространственного окружения человеческого бытия, мы считаем, что включение его основ как определенной модели развития личности учащихся в образовательный процесс, соответствует современной парадигме образования, ориентированного на развитие личности средствами гуманизации [4,2-3].

Мы считаем, что именно дизайн наиболее адекватен современной школе, в деле ее реальной, а не идеализированной гуманизации. Главное основание для такого утверждения заключается в том, что дизайн направляет эстетические способности детей в окружающую реальность, активизирует в них созидательное, творческое начало. Изучение дизайна способствует расширению познавательного интереса учащихся, целостному эстетическому восприятию окружающего мира и, особенно, творческому, преобразовательному освоению предметно-пространственной среды.

На основе дизайна может быть выработана та формула и итеративности обучения и воспитания, которой, мы считаем, недостает школе. Дизайн в образовании представляет эффективную и универсальную форму гуманитарно-эстетического образования, воспитания и развития творческих способностей детей, полного учета их интересов, и, наконец, выбора будущей профессии.

При этом цель изучения дизайну в школе заключается не столько в ранней профessionализации, а сколько в использовании ее потенциала для многостороннего развития школьников. Это, прежде всего, стремление научить детей вести исследование доступных им проблем, развить их воображение и мышление, способность организовывать, планировать свою работу, оценивать результаты и воплощать их в жизнь.

Известно также, что дизайн во многих развитых странах с рыночной экономикой (например, Великобритания, Япония) является одной из главных линий государственной политики. В этих странах дизайн в большинстве случаев введен в систему образования, как общеобразовательный предмет на уровне средней школы. Включение элементов дизайна в общеобразовательную школу наблюдается в отдельных государствах СНГ (Россия, Украина).

Таким образом, мы полагаем, что изучение основ дизайна в школе должно стать органичной частью общего образования.

Однако в традиционной системе общего образования РК роль и место дизайна практически не учитываются. В настоящее время

процесс становления дизайнерского образования в нашей Республике происходит автономно, только в высшей школе, и не соотносится с проблемами средней общеобразовательной школы, с начавшейся ее новой реформой,

Поэтому определение роли и места дизайна в системе общего среднего образования РК, изучение возможностей его усвоения учащимися на междисциплинарном уровне, разработки интегрированных образовательных программ и их апробация в школе представляет актуальную проблему образования.

Актуальность данной проблемы, ее не разработанность, потребность введения дизайна в школу, определили общую тему исследования - «Формирование проектно-графической культуры школьников средствами графики и дизайна» [5,8-10].

Первоначально для введения в школу предметных областей дизайна, мы считаем целесообразным объединить их с учебными материалами школьного предмета «Изобразительное искусства» в рамках интегрированного инновационного курса «Я - художник, архитектор, дизайнер» (5-6 классы).

Затем, с содержанием черчения в рамках интегрированного курса «Техническая графика и основы дизайна» (8-9 классы) [6,27].

Такое сочетание учебных предметов позволяет, с одной стороны, обеспечить обязательные требования государственного образовательного стандарта, а с другой связать изучение изобразительного искусства и черчения с основами дизайна, с учетом единства их проектной деятельности. На этой же ступени обучения ориентация и развитие творческих способностей учащихся к дизайну могут быть реализованы через организацию факультативных занятий по разным областям и видам проектно-художественной деятельности (техническое рисование, проектная графика, графический дизайн, дизайн рекламы и др.).

1. Графическое образование в 12-летней школе. / 12-летнее образование: Научно-методический журнал. – Астана, 2007. - №3 (3). – С.71-77.

2. Дизайн в системе общего среднего образования. / Сборник образовательных программ. – Караганда, 1998. – Деп. КазгосИНТИ, 26.10.98 г. - №8467 - №8470. Ка 98.

3. Дизайн в высшей школе: Сб. науч.тр. / Всесоюзный научно-исследовательский институт технической эстетики / Гл.ред. Л.А.Кузьмичев. – М.: ВНИИТЭ, 1994.

4. Хасенов М.М., Сухотепова А.Ф. /Дизайн в школе/ «Бейнелеу өнері және сыйзу». - Алматы, 2009.

5. Керімов Л.К. Мәддениет саласындағы ақпараттық технология бойыниша

оқытудың ерекшелігі. Республикалық гылыми әдістемелік теникалық журналы / «Этнокөркеммәдениет». – Алматы, 2010.

6. Ақбаева Ш.Ә. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі / Оқу қуралы. - Алматы, 2007.

Түйін

Бұл мақалада дизайн өнері арқылы оқушылардың эстетикалық қасиетін тәрбиелеуіне көмек беретіні қарастырылады.

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы дизайна в средней общеобразовательной школе, а также его влияния на эстетическое воспитание учащихся.

Summary

This article discusses design issues in secondary school, as well as its impact on the aesthetic education of students.

БОЛАШАҚ ӨНЕР МАМАНДАРЫНЫҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН ҚАЛЬПАСТАСЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

А.А. Ақбаева -

*П.И. Чайковский атындағы музикалық колледжінің
«халық аспаптар» бөлімінің оқытушысы*

Қазіргі таңда қофамның саяси, әлеуметтік – экономикалық дамуындағы жаңару үрдістерінде өткен тарихымызбен мәдени мұраларымызды қайта қарауды, рухани мәдени құндылықтарымызды саралап, оны колледж бен мектептің оқу-тәрбие үрдістеріне енгізу арқылы жас үрпақтар тәрбиесін ұлттық негізде жүргізуге қолайлы жағдайлар жасалған деп білеміз. Дамыған 50 елдер қатарына қосылу үшін нарықтық экономикаға негізделген бәсекеге лайықты жаңа заманда жаңаша ойлайтын, өнерлі, өнегелі, мәдениетті тұлғаны дайындау шарт. Бұл шарттың орындалуы қазіргі жас үрпақтың біліктілігіне ұлттық үрдісте тәрбиелейтін мақсатқа жету жолы ол - өнер пәндерін заман талағына сай жан-жақты зерделеп, нақты өнер маманын дайындайтын арнайы пәндермен жүйелі бірлікте қарастыру болып табылады.

Бұл білім саласын әлемдік деңгейге көтеруді көздеңген еліміз ұстанған бағыт. Қазақстандағы орта білім беруге негізделген даярлау жүйесінің көздейтін мақсаты - жан-жақты дамыған, жас үрпақты өз

халқының асыл қазынасы болып табылатын болашақ өнер мамандарын дайындалған олардың кәсіптік біліктілігін арттырып өнегелі дәстүрлерімен сусындағы, соның негізінде тарихи, мәдени білім қорын жинақтаған, терең білімді, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, өз бетімен білімін жетілдіре алатын, ең бастысы мамандығы бойынша қажетті білім, әр істе белсенді әрекет жасай алатын жеке тұлғаны қалыптастыру - тәрбиенің өзекті мәселесіне айналды. Бұл мәселелерді шешу оқытушының өзіндік кәсіптік шеберлігі мен даярлығын жоғарылату мақсатында жаңа педагогикалық технологияны менгеруді қажет етеді. Себебі, мемлекетіміздің саяси тұрақтылығы, материалдық және рухани, мәдени тұрғыдан кемелденуі, жас ұрпақтарымыздың алар білімі мен тәрбиесінің деңгейіне тікелей байланысты. Сондықтан да қоғамның білім және тәрбие беру жүйесін жаңарту мен жетілдіру мәселелері оқытушының алдына жүктелген үлкен міндет.

Оқыту білім-тәрбие беру үрдісі адам баласын ерте заманнан-ақ ойландыра бастады. Оған дәлел ерте грек: Демокрит, Гераклит, Сократ, Платон, Аристотельдерді және Орта Азия: Әбу Нәсір әл-Фараби, Әбу Әлі ибн Сина, Ходжа Ахмет Иассауи, Асан қайғы, Қорқыт ата сындығы ғұламалар баға жетпес құнды еңбектер: XIX-XX ғасырдағылардағы білім-тәрбиенің дамуы демократ-ағартушыларымыз Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев есімдерімен байланысты. Демократ-ағартушыларымыздың ізін жалғастырушылар Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, өз еңбектерінде ұрпақ тәрбиесіндегі маманның біліктілігін қалыптастырудың жолдарын ғылыми тұрғыда арнайы қарастырды.

Өмір талабына сай қоғамымыздың рухани және мәдени кемелденуі мен өзгерісі кезеңінде өнер пәндерін оқыту, студент жастарға жауапкершілікті, білімділік пен тәрбиелілікті, кез келген уақытта маман ретінде дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Ал енді өз мәселемізге тоқталатын болсақ, 20-30 жылдары кәсіби музыка өнерінің дамуында алғашқы музыкалық оқу орындарының алғаш отау құрып, нақты құрылуы кезеңі болды. Атап айтатын болсақ, бірінші кезеңде 1924 жылға дейін өнер оқу пәні ретінде жүзеге асырылмаған. Музыкалық-эстетикалық тәрбиені үйымдастырудың негізгі ұстанымдарын Т.Жүргенов, Қ.Жұбанов, С.Мендешев, Т.Тәжібаев, А.И. Сембаев, А.Жұбанов, А.С. Садықов сияқты Қазақстанның мәдениеті мен педагогика ғылымының көрнекті қайраткерлері әзірледі. Ал, 1930-1940 жылдары музыкалық білім беруде түбекейлі өзгеріс белгіленді. Алғаш рет А.Жұбановтың «Әліп би» (Музыкалық әліппе) атты музыка бойынша оқу құралы жарық көрді. Соナン соң 1950 жылдардан бастап білім беру жүйесінде белгілі биіктеу басталды. Мұнда бірнеше музыка саласы бойынша сапалы

оқулықтар, дидактикалық және әдістемелік еңбектер жарық көре бастады.

Педагогикалық білім мен практикада жастарды өнердің түрлі тәсілдерін пайдалана отырып тәрбиелеуде жеткілікті мол тәжірибе жинақталды. Білім беру дамуының әр түрлі кезендерінде оның мақсаттарын негіздеу және жолдарын жетілдіру педагогика ғылымын зерттеп жүрген ғалымдардың еңбектерінде мазмұндалған. Ғылыми әдебиеттерде дәстүрлі көркем мәдениеттің құрылымы жан-жақты талданған. Олар: Г.А. Цукерман, Б.М. Мастеров халықтық көркем мәдениетті екі топқа бөледі:

Біріншісі: Музыкалық, ауызша-драмалық, хореографиялық, декорациялық-қолданбалы өнер саласында кәсіптік өнер көрсетілген халықтың кәсіби өнерінде негізделгі дәстүрлі көркем мәдениет жүйесі.

Екіншісі: Кәсіптік емес көркем әдебиеттің ерікті, еркін белсенді әрекетінде негізделген жүйе.

Мәдениет пен өнер сияқты ең ірі бағыттардың, мәдениеттің өзара байланысына орай әлем көркем мәдениеті деңгейіне жетуге, дамуга, жетілдіруге керемет мүмкіндік алды.

Енді тарихқа біраз үңілетін болсақ, 1930-жылдардың басындағы үлкен мәдени оқиға болды. Республикамызда драмалық, вокалдық және музыкалық бөлімдері бар бірінші орта музыкалық оқу орындары-музыкалық – драмалық техникумының ашылуын ерекше атап кетуге болады.

Өзінің жан-жақтылық, көпқырлы міндеттін атқаруына орай бұл техникум сол кезде тек қана болашақ музыканнтар мен әртістер оқып қана қойған жоқ, сонымен қатар қазақ халық әндерін жинау және өндеу жұмыстары жүргізілді, халық музыка аспапарын қайта құру жұмысы жүргізілген оқу комбинаттары ашылды.

Республикадағы мәдениет пен өнер саласында жоғары және орта арнаулы оқу орындарын құру жұмысын ССРО халық комиссариаты советінің «Қазақстанға кадр даярлау жөніндегі» (1933 ж.) қаулысы мағыналы күш берді.

1932 ж. Алматыда фортепиано, шекті аспап, ән, хорды дирижерлеу, музыка теориясы мамандықтары бойынша мамандар даярлаудың күндізгі және сырттай оқу бөлімдері бойынша жүзеге асыратын П.Чайковский атындағы музыкалық училище ашылды.

Қазірде колледж өзінің білім беру бағдарламасы және оқу әдістерінің жан-жақты даралануымен, жоғарғы сапалылығымен, ерекше икемділігімен ерекшеленетін кәсіптік білім беру жүйесінің көп бағытты, көп деңгейлі мекемесі болып табылады. Колледжде іске асырылатын оқу бағдарламалардың, жобалардың және жоспарлардың жоғары деңгейде болуы бітірушілердің кәсіби міндеттердің

күрделі түрін шешуге дайындаудың қажеттілігімен, музыка мамандарының кәсіби қызметтің кеңейтумен тұсіндіріледі.

Жоғары деңгейдегі теориялық білім мамандарының даярлығының мазмұнына жаңа сапа береді: кәсіптік тұрғыда қамтамасыз етіледі, оқушылар білімінің даралануы артады, шығармашылық қызметтің дағдылары жоғары түрде дамиды.

Колледждің институционалды үлгісі мыналарға бағытталған:

1. Оқу орнының мамандарды икемді, әр алуан тұрлермен даярлау, мамандардың біліктілігін арттыру және маманды қайта даярлаудағы көпқызыметті идеяларды жүзеге асыруы.

2. Маман міндеттінің кеңеюі және күрделенуі есебінен түлектің мамандандырылу деңгейін анықтау.

3. Үзіліссіз білім беру жүйесінің басқа салаларының жақын мамандық мазмұнымен жалпы ғылым, жалпы кәсіптік және арнайы даярлық байланысын терендету.

4. Білім беру мазмұнының әр түрлі үйлесімділіктері қызмет объектісінің жүйелі қалыптасуының қажеттілігі есебімен іргелі және арнаулы даярлыққа көніл бөлуді күшету.

Қазір пәндік-әдістемелік басылымдық орнына макұлданған немесе жаңа ғана рәсімделген бағдарлар мен құндылықтар келіп жатыр. Олардың қатарына, атап айтқанда, білім беруді жобалау жатады. Бұл жобада болашақ педагогтің жаңаша білім беру, оқытудың жаңа әдістері мен технологияларын өндеп жетілдіру және тәжірибеге енгізу кіреді.

Жобаның идеясы мен маман мұғалім емес, кәсіби мұғалімді дайындауға арналағын. Алайда, біздің тұсінуімізше, дәстүрлі кәсіби-педагогикалық білім берулегі кемшіліктерде мұғалімді маман ретінде дайындаудан бас тарту жолымен түзелмейді. Өйткені, бұл белгілі бір пәнге дайындауды жеткілікті бағаламау мен өткен проблемалардың жаңғыруына әкеліп соғады. Біздің пікірімізше, білім берудің мақсатындағы бағдарламада маман мұғалімді дайындау кәсіби біліктілікті қалыптастыру мен дамытудың құрамдас белгі болу қажет.

Жоғарыдағы айтылғандарға байланысты нақтылайтын бір жайт сол: білімді маман дегеніміз - арнайы оқу орнының оқыту барысында мамандық және соған сай кәсіби біліктілік алған түлегі. Демек, маманды кәсіпке дайындау деңгейінің маңызды сипаты оның біліктілігі болып табылады.

Біліктілік-қызметкердің іс-әрекетінің нақты бір түрінде белгілі бір күрделі еңбекті атқаруға мүмкіндік беретін қабілеттің даму деңгейі. Біліктілік қызметкер меңдерген теориялық біліммен, практикалық машық көлемімен айқындалады және қызметкердің маңызды әлеуметтік-экономикалық тұрғыдағы сипаты болып табылады [1].

Кейбір зерттеушілер, кәсіби білім беруді ұйымдастырушылар, менеджерлер мен практиктер педагог біліктілігі деген ұғымға кең мағына береді. Мәселен, Н.В. Кузьмина педагогикалық біліктіліктің басты белгісі педагог тындаушыларға мазмұндайтын пәнді білу немесе неғұрлым іс-әрекет пен рөлдерді орындау ғана емес, баланы үйрете білу, оның білімге деген қызуышылығын тудыру, жеке тұлға ретіндегі және мінездегі белгілі бір қасиеттерін қалыптастыру деп санайды [2].

Кей зерттеушілер біліктілік ұғымын «құзыреттілік» аталымымен нақтылайды: «біліктіліктің, құзыреттіліктің маңызды белгілері болып мынадай критерийлердің комбинациясымен белгіленетін деңгей саналады:

- 1) іскерлік пен білімді менгеру деңгейі (іскерлік пен білім саласы);
- 2) іскерлік пен білімнің кеңдігі және диапазоны;
- 3) арнайы тапсырмаларды орындауға қабілеттілік;
- 4) өз жұмысын ұтымды ұйымдастырып, жоспарлау қабілеті;
- 5) тосын жағдайларда өз білімін қолдана білуге қабілеттілігі (техника, технология, еңбек ұйымдастыру мен оның шарттары өзгерген жағдайда, тез бейімделу) [3].

Оқу орны түлектерінің болжамдық моделін құрастыру және мұның құрылымына мынадай бөліктер кіреді: кәсіби іс-әрекетке кіріспекші адамның алдында тұрған орта; түлектен тілек етілетін дүниетаным мен мінезқұлық, тұлғалық ділінің өлшемдерін бейнелейтін дүниеге көзқарас; қажетті теориялық және қолданбалы дүние білімдер жүйесінен тұратын білім; алда тұрған оқыту немесе еңбек етуге талап етілетін дағдылар мен іскерліктер; жеке тұлғаның дара мұддесі мен мүмкіндіктеріне мақсатты түрде сүйене отырып, қалыптастыруға сай қажетті шығармашылық сапалар; ғылым мен оқу пәнінің арақатынасын ықтиятын талдау арқылы білім мен оқу материалының мазмұнын болжап және таңдап алу, соның нәтижесінде оқу жоспарлары, бағдарламалары, оқулықтар мен әдістемелік материалдар жасалады; таңдап алған материалды оны игеру қажетті мен мүмкіндігі диагностикалау негізінде жіктеу мен жүйелеу; оқытудың үдерістік жақтарын негіздеу, бұдан ғалымдар мен оқытушылардың жобалаушылық және орындаушылық іс-әрекеттерінің өзара байланысуы ұйғарылады; кәсіби білім беру жүйесінде дер кезінде шешім қабылдау мүмкіндіктері.

Қазіргі кезде кәсіби білім берудің жаңа міндеттерін тиімді шешуге, ықпал етуге қабілетті технологиялары мен мазмұндары белсенді түрде ізделуде. Мәселен, әлеуметтік-психологиялық біліктілікті қалыптастыру үшін супервизорлық әдіс ұсынылады. Бұндай әдістегі кәсіби іс-әрекетте өзін саналы маман ретіндегі мақсаты арқылы өзінің нысанымен ықпалдастыққа көмек көрсете алуын түсінуі, осы әрекет-

те өзара ықпалдастыру мен саналы бағытталуында жеке қатысуына басқа жағынан түсінуі; өзінің қор даралығына сай кеңес беру мен байқау іскерлігін жасауы. Супервизорлікті қолдану арқылы оқыту оқитынның жеке тәжірибесіне сай жүргізіледі.

Педагогикалық іскерлік іс-әрекеттің барлық жақтарын қамтуға тиіс болса, ал шеберлік жекеленге педагогикалқ ахуалдарда сәттілікке жетуден көрінеді, сондықтан мұның қалыптасу үдерісі айтарлықтай ұзақ кезеңді қамтиды.

Педагогикалық шығармашылық сатысына жетуде маман-оқыту мен тәрбиелеу үдерісіне жаңа озат идеялар, технологиялар мен жаңа мазмұн ұсынып, оларды енгізеді. Бұл-оқыту мен тәрбиелеу сапасын елеулі деңгейге көтеруге әкеп саяды. Іс-әрекеттің едәуір кең саласын қамтитын іскерлік пен шеберлікке қарағанда, жаңа инновациялық көбіне оқыту мен тәрбиелеудің жекеленген түйінді проблемалары мен міндеттерін шешу кезінде көрінеді.

Сабакты ұйымдастыруға студенттердің білім алу тиімділігін елеулі дәрежеде арттыратын бірқатар ерекше ұстанымдар негіз болады. Олар:

1. Іс-әрекеттің жекеленген маңызды микроахуалдарға мүшеленетіндігі туралы ұстаным: бұған сүйену нақты бір жағдайда өзін ұстау стратегиясы мен тактикасының байланысын студенттерге ұғындыру жөнінде жаттығулар жүйесін жасауға мүмкіндік береді.

2. Коммуникативтік ұстаным: бұл - студенттік және мектеп аудиториясымен өзара ықпалдасу кезінде студенттің түсінігі мен беслесенділігін арттырыды.

3. Рефлексия ұстанымы: бұл - сабактардың тұтастай алғандағы нақты нәтижелерін және бұлардың болашақ педагогтің кәсіби қалыптасу үдерісіне қосқан үлесін әр студент пен топтық талдауы арқылы тиімді, қайтарымды байланысты қамтамасыз етті.

4. Арнайы оқу орнындағы практикалық сабактар мен мектепті түйістіріп отыру принципі: бұл - білім мен іскерлікті дер кезінде қолдануға ықпал етті.

Кәсіби біліктіліктің әр деңгейінің мазмұны кәсіби іскерлік арқылы қалыптасады. Бұл - бір ізben істелетін кәсіби әрекеттердің кәсіби міндеттерді іске асыруға бағытталған, теориялық және практикалық білімдердің сүйенген нақты жүйесі болып келеді.

1. Иванов Н.П. Квалификация//Российская педагогическая энциклопедия: В 2 томах. Т.1. – М., 1993. - С. 424-426.

2. Кузьмина Н.В. Исследование педагогической деятельности. - Ленинград, 1970. - 210 с.

3. Торчикова С.В. Методические рекомендации по курсу “Теория и методика воспитательной работы”. - Саранск, 1995. - 40 с.

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы формирование профессиональных компетенций будущих кадров в сфере искусств, а также автором анализируются труды отечественных известных ученых педагогов и искусствоведов.

Түйін

Бұл мақалада өнер саласындағы болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері және де әйгілі отандас өнертанушылар мен педагог ғалымдардың еңбектеріне анализдік терең талдаулар жасалған

Summary

This article discusses issues of professional competence development of future training in the arts, as well as the author analyzes the works of domestic well-known scientists and teachers of art historians.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫҢ РӨЛІ

Б.К. Жорғабаева –

№1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжінің «Музыка пәндер» кафедрасының оқытушысы

Қазіргі таңда қоғамдық талаптарға сай бүкіләлемдік жүргізіліп жатқан ізгілендіру үрдістері білім беру мекемелерінде қойылатын жаңа міндеттерді анықтауды қажет етеді.

Техникалық прогресс пен ғылыми ақпарат көлемінің ұлғая түсүі, білім беру мазмұны мен оқу-тәрбие үрдісінің іс-әрекет қағидаларын қайта қарастыру – педагогтың кәсіби біліктілігі мен тұлғасына қойылатын талаптардың арта түсүіне ықпал етеді. Қоғам сұранысымен қатар білім мен тәрбие беру үрдісінде инновациялық оқу орын алада.

Инновация мәселелері төңірегінде айналысқан бірқатар ғалымдардың еңбектерін талдай келе, бұл ұғымның түп төркіні белгілі бір уақыт арасында «жаңа шыл идеяны қайта қарастыру, жаңалау» деп айта аламыз. Көбінесе инновация – "жаңалық", "жаңа әдіс", "өзгеріс", "әдістеме", "жаңашылдық", ал инновациялық үрдісті "жаңа әдістеме құралы" деп те атайды. Кезінде белгілі қолданылып жүрген идеялар жаңа бағытта ұсынылса, мұның өзі «инновация» деп аталған. Инновацияның дамуы белгілі кезеңдерден өтеді, атап айтқанда: идеяның

туындауы, мақсатты белгілеу, жаңалық идеясын ойластыру және әрекет бабына келтіру. Ал инновацияларды іске асыру кезеңдері жаңалықты қабылдап, игеруші ұжымның даму кезеңдерімен тығыз байланыста болады. Демек, инновация білім деңгейінің артуына жағдай туғызады /1/.

Ғалымдар өз зерттеулерінде оқу-тәрбие үрдісіне жаңалықтарды енгізу мәселелерін қарастыра отырып, педагогикалық инновацияның негізгі міндепті енгізіліп отырған жаңалықтарды топтау, жіктеу деп көрсетеді. Ең бастысы, енгізіліп отырған жаңа әдістеменің ерекшелігін көре білу, түсіне білүмен қатар оның басқа әдістемелермен қандай байланыста екенін білген жөн.

Инновациялық білім беру технологияларының көптүрлілігі – педагогтың оларды дұрыс таңдап алуының өлшемдерін айқындауды талап етеді.

Қазақстан Республикасында білім беру жүйесіндегі білім сапасын арттыру мақсатында инновациялық технологияларды кеңінен дамытып, оқытудың интенсивтік сипатын арттыруға мүмкіндік беретін құралдары мен әдіс–тәсілдерін анықтауға және оқытудың нәтижелі бағдарлануына, сөйтіп жеке тұлғаның дамуын қамтамасыз етуге жағдай туғызатын әлемдік тенденцияларға назар аударылды.

Осыған орай, келешекте білім алушылардың жеке тұлға болып қалыптасуына ерекше көніл бөле отырып, білім берудің маңызды тұстарын ұсыну жағдайында байқалған ғаламдық сипаттағы тенденциялар білім беру жүйесін жаңа сапалық деңгеймен қамтамасыз ететін талаптар қойылып отыр. Осы тұрғыда білім сапасын біртұтас қарастыра отырып, соның ішінде білімнің құндылық және нәтиже ретіндегі сипатына мән беру өте маңызды, мұнда оқытудың басымдық берілетін компоненті – білім алушы тарапынан жүзеге асырылатын оқу.

Оқытушы білімін жетілдірудегі ең басты бағыт – қазіргі білім беру технологиясына деген дұрыс қатынасты орнату және өзінің авторлық жұмысын әзірлеу мен сынақтан өткізу болып табылады. Өйткені, инновациялық білім беру технологияларын менгеру – оқытушының мүмкіндіктер қорының нәтижесін көру. Сондықтан осы тұрғыда шығармашылық жобаларды енгізу тиімді. Мұндай оқыту инновациялық білім технологияларының мақсатын анықтауға, жаңашылдықтың шынайы, әрі мүмкін болатын көздерін, мақсатқа қол жеткізуде білім беру технологиясын пайдалануды айқындауға мүмкіндік береді. Жобалар технологиясын пайдалану кезінде басқа да нәтижелер болады: ол педагогты "білімді жинақтау" үрдісін ендіріп, қалыптастыру, мотивация, рефлексия және өзін–өзі бағалау, таңдай алу және осы таңдаудың салдарынан білу, өз қызметінің нәтижесін біле алу.

Жеке шығармашылық жоба бағдарлама аяқталған соң бақылау формаларының бірі болып көрінеді /2/.

Қазіргі педагогика, психологияда, музикалық білім және тәрбие мәселелері шығармашылық әлемімен тығыз байланысты. Музыка сабағында шығармашылық, белсенді ойлау, есте сактау, қиялды дамытатын өзіндік музикалық – танымдық іс – әрекет ретінде ғалымдардың еңбектерінде (О.Апраксина, Н.А. Ветлугина, М.Х. Балтабаев, Р.Р. Жардемалиева, Ш.Б. Құлманова және т.б) көрініс тапқан. Ал Б.Ф. Асафьев музикалық оқыту жүйесінде музикалық шығармашылықты пайдаланудың мүмкіндіктері мен қажеттілігін қарастырған. Оның ойынша, музикалық – шығармашылық дағдыларды дамыту жолы – музикалық эволюцияның әсерлі кезеңі.

Білім алушылардың музикалық дамуында шығармашылықтың мәні, оларды музыкаға баулудың тұра жолы, музикалық тіл ерекшеліктері, танымының белсенді әдісі, жалпы музикалық дамуды қалыптастырудың тиімді әдісі ретінде анықталады.

Шығармашылық әрекет – білім алушының жеке шығармашылық бағытын тандау қажеттілігін, шығармашылық өнім, нәтиже туғызуға бағытталған жауапкершілігін қамтитын әрекет /3/. Соңдықтан оқыту үрдісінде оқытушы мен білім алушы тығыз байланыста, оқытушы бар күш-жігерін, педагогикалық шеберлігін білім алушы бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашуға, дамытуға бағытталуы, шығармашылық жағдай жасауы, білім алушының өз тарапынан белсенділік, дербестік көрсетуі өзіне деген сенімділігі арқылы ғана шығармашылық әрекетті қалыптастыруға болады.

Жаңа технологияларды қолдана отырып, шығармашылыққа жетелейтін сабактар білім алушыларға аса маңызды, себебі оқытушы мен білім алушылар арасындағы ынтымақтастық қатынаста қалыптасады, ал оқытушы бұл тұста ерекше орын алады.

Сонымен қатар, инновациялық қажеттілік сыртқы себептермен де анықталады, атап айтсақ: адамдардың мұқтаждығын қамтамасыз ету қажеттілігі, колледж білім алушыларының білімге, дағдыға, шеберлікке деген үмтүлісі, жоғары сапалы білім алудағы жеке тұлғаның дамуы. Демек, жаңалықтың ену қажеттілігі білім алуға деген көзқарасынан, мұқтаждығынан пайда болады. Ол сұраныс пен ұсыныс арасындағы қатынас пен жалпы білім беруге дайындық деңгейімен және басқа да факторлармен анықталады.

Ендеше, инновациялық үрдіс – күнделікті тәжірибеде өз алдына бөлек жаңалық ретінде нақты да ауқымды. Бұл педагогикалық үрдіс қатысушыларының өзара қатынасында көрініс табады. Демек, инновациялық үрдіс қолданысқа енгізілген теориялық және практикалық жаңа идеялар.

Корыта келгенде, білім алушылардың бәсекеге қабілеттілігін қам-

тамасыз ету үшін сапалы білім алуына жағдай жасап, инновациялық технологияларды енгізу колледж міндеттерінің бірі болып табылады.

1. Қараев Ж.А. *Педагогикалық жүйені технологиялық тұрғыдан жаңартудың өзекті мәселелері*. - Алматы, 1993.
2. Әбиеев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. "Педагогика". – Алматы: Даын, 2004.
3. Абуов А. *Оқу процесінде дамып келе жатқан педагогикалық технологияларды қолдану // "Ғасырлар тогысындағы Қазақстанның гылым, білім және рухани даму мәселелері" атты Халықаралық гылыми-практикалық конференцияның еңбектері*. - Шымкент, 2004.

Резюме

В данной статье раскрываются развития инновационной технологии. Автор рассматривает творческую роль преподавателя методики музыкального воспитания

Түйін

Мақалада инновациялық технологиялардың даму ерекшеліктері ашылып көрсөтіледі және де автор әдіскер-педагог музыканттың шығармашылық рөлін қарастырады.

Summary

This article is devoted to developing of innovation technology. Also, the author considers the role of teacher in musical teaching.

КЕСКІНДЕМЕ ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАГА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ӘДІСТЕРІ

А.А. Джапсарбаева -

Абай атындағы ҚазҰП-дың, магистратура және PhD докторантура институтының, 2-курс магистранты

Қазіргі таңда кескіндеңе өнерін оқыту барысыдағы мәселелердің бірі - жеке тұлғаның эстетикалық талғамын дамыту, сол арқылы олардың бойында адамгершілік, мейірбандық, имандылық қасиеттерін қалыптастыру. Эстетикалық тәрбие дегеніміз - бұл әсемдік, сұлулық, пәктік қасиеттер. Сурет, музыка, кескіндеңе, мұсін өнерлері арқылы жеке тұлғаның көркемдік танымын, сезімін дамыту. Бейнелеу өнерінің барлық түрлері кескіндеңе, графика, мұсін, сәндік-қолданбалы өнер барлығы эстетикалық тәрбиенің негізі. Көркем өнер туындыларын түсініп сезіну, оның образдық, мазмұнын қабылдау, өнер тілін менгеру барлығы жеке тұлғаның эстетикалық талғамын дамытады /1/. Эстетикалық тәрбие айналаны қоршаған әдемілік пен сұлулықты, көркемдікті көре, сезе білуге, оны мейлінше терең

сезінуге үйретеді. Шын мәнінде көркем шығарма ортаны қадірлеуге, кескіндеме өнерінің белгілі бір саласынан эстетикалық түрғыда жүйелі мағлұмат алуына көмектеседі, белгілі әдіс-тәсілдер, амал-жолдар арқылы жеке тұлға санасының әсемдік жолымен дамуына ықпал етеді. Жүргіне ұлт, өнеріне деген сүйіспеншілік сезімін ықыласты көзқарасын ұялатып, халық өнеріне құрметпен қарауға, оны менгеру-ге, өмірде орынды пайдалана білуге үйретеді. Өнер туындылары адамға ықпал етіп, жақсылыққа жетелейді, оған ұмтылыс пен құлшы-ныс туғызады. «Эстетикалық тәрбиеге жүктелетін осындағы күрделі міндептің бір бұтағы эстетикалық сезіну мен дүниені эстетикалық жолмен қабылдау, оны қалыптастыру болып табылады. Қоршаған ортамен таныстыру арқылы жеке тұлғаның эстетикалық түсінігін дамыту, кескіндемеде іске асырылады. Әсемдіктің таптырмас бұлағы-ның бірі - табиғат. Ол эстетикалық сезімнің, байқампаздықтың, қиялдың дамуына ұлкен әсерін тигізді. Табиғат үйлесімділігінің, әсемдіктің, мәңгілік жаңарудың, әлемдік занылықтары әр түрлі болуы, түстер, жарық сәулелер көмегі арқылы жеке тұлғаны әсемдік талғампаздық, әсерленушілік сезімге тәрбиелейді. Табиғатқа серуен жасаған кезде жеке тұлға оның сұлулығын эстетикалық түрғыда қабылдауы күшінеді, ерекше рухани серпеліс, сүйсіну сезімі туады, ойы мен қиялды дамиды. Жаратылыстың сұлу заттары адам жанында сұлулық сезімдерін оятады. Үлбіреген түрлі-түсті гүл, көк-жасыл орман, тоғай, сымбырлаған мөлдір су, шексіз-түпсіз көк теңіз, түрлі жайқалған шөптермен, толқындаған дала, бұлтпен бел алысқан асқар тау, сұлу ай, жұлдызды тұн, міне осылар секілді жаратылыстың сұлу көріністері, жанды баурап алатын сұлу көріністер әсері тұлғаның жанында бір сұлулық толқынын оятып тұрғызбай қоймайды, яғни тұр, тұс және жарық пен көлеңке, дыбыс ерекшеліктері мен ырғактарын білуді керек етеді. Айталық, көркем сөздегі мәнерлі де сиқырлы, сырлы сөз болуы, жанрлық ерекшелік пен өнерге тән әдістері, олардың тарихи шарттылығы дегендерді білу керек етсе, сурет салу бояу түсін, оны суретте дұрыс көрсету жолдарын жетік менгеруді керек етеді. Өмірді оның қоғамдық тәрбиелік мәнін жан-жақты түсіну үшін әсемдік, әдемілік зандарын жақсы түсіну шарт. Өнер біздің қоғамда жеке тұлғаны рухани, эстетикалық тәрбиеде сенімді күшті құрал болып табылады. Жеке тұлғаны көркем өнерді сүюге, адамға тән ізгі қасиеттерді қастерлей білуге үйретеді. Қазақ халқы ерте заманнан-ақ сұлулық пен әсемдікті таңдай да, талдай да білген. Өз түрмисы мен мәдениетінде шеберліктің небір сан-саласын асқан ұқыптылықпен, кекірегінде қастерлей сақтап, менгеріп біздің дәуірі-мізге үштастырған. Өнер қашанда қамқорлықты, оған асқан жауап-кершілікпен, жанашырылықпен қарауды қажет етеді. Сурет салуды

сүю - өмірді, табиғатты, айнала қоршаған ортаны сүю. Ол жеке тұлға-ның ақыл-ойын парасатын, танымын кеңейтеді, ізгілікке, әсемдікке үйретеді. Өмірдегі келенсіз құбылыстармен ымырасыз күресуге тәрбиелеп, халқына, еліне, жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелейді. Адамның сұлулық атаулыны тануы, оны сұрыптап бағалай білуі де жеткіліксіз. Өмірді жасаушы адам болғандықтан, оның сол сұлулықты өзі жасауға ұмтылуы заңды. Олай болса, адамның эстетикалық белсенділігі өмірдің сұлулығын жасап, оны құра алады. Осындай эстетикалық белсенділіктің іске асуы көркемдеп қабылдау негізінде болады. Тұлғаның көрген картинасы, спектаклі, фильмі немесе естіген романсы, оқыған повесін оқып, қарап, тыңдалап отырғанда оны оймен де барлап, әрбір образ түріндегі түсінігі, дүниені танудағы ісін қиял құшіне ұштастыра қараса, ол қабылдау белсенділігін арттырып, эстетиканың дамуына көмектеседі.

Жоғары оқу орындарында жүргізілетін кескіндеме өнері сабағының эстетикалық тәрбие берудегі мәні зор және көркемге тәрбиелеуде ерекше орын алады. Өнерде шоғырланған тұлғалардың шындыққа эстетикалық қарым-қатынасы қоғамдық идеаларды алға алып баруымыздың құралы, сол арқылы санаға өте құшті әсер ету жүзеге асады. Эстетикалық тәрбиелеудің негізгі әдісі - өнер. Ол шындықты көркем, сезімді қабылданылатын бейнелер арқылы бере отырып және осылар арқылы адам сезімі мен санағына әсер етіп, оның көзқарасын қалыптастыруға жәрдем етеді. Педагогикада эстетикалық көзқарасты тәрбиелеу, тәрбиенің басқа салаларымен тығыз байланысы қаралады. Тұлғаның ақыл-ой тәрбиесін, зерттелген құбылыстар әсемдігін ашпай жүзеге асыру мүмкін емес. Еңбекке тәрбиелеу-тұлғадағы әсемдікті, еңбек мазмұны мен процесін танымай саналы тәртіп пен міnez құлышты тәрбиелеу мүмкін емес. Сондай-ақ әсемдікке көзқарасты тәрбиелеуді өмірден, белсенді іс-әрекеттен және мұраттарға жету жолындағы құрестен оқшау қарауға болмайды. Жеке тұлға әсемдікті өмірден, адамдар қылықтарынан, еңбек іс-әрекетінен, еңбек нәтижесінен көруді және ләzzат алуды үйретіп қана қоймайды, күнделікті өмірде осы әсемдікті жасау ынталы мен іскерлігін тәрбиелейді.

Сонымен эстетикалық тәрбие табиғаттағы, өнердегі, еңбектегі, өмірдегі ең жақсыны қабылдау, одан ләzzат алу. Эстетикалық тәрбие жеке тұлғаны дүниедегі әдемілік атаулыны бағалай білуге үйретеді. Өнер шығармаларын тануға, қастерлеуге баулиды, оған керісінше ұсқынсыздыққа жағымсыз көзқарасты қалыптастырады.

Эстетикалық тәрбиенің өзіне тән әдістері бар. Олардың бірі - эстетикалық сезімді және эстетикалық қабылдауды тәрбиелеу. Өмірдегі, өнердегі әдемілікті сезу және көру адамдарда әр түрлі болады. Біреулер әдемілікке үніле қарап, оның сырын білуге тырысады, ал

біреулер оған мән бермей, жаңынан өте шығады. Әдемілікті сезу үшін, тұсіну үшін әр адамда білім болуы қажет. Білім адамды объективті критерилерімен қаруландырады. Білімді адам сұлулықты бағалай біледі, тұсінеді. Сондықтан тұлға бейленеу өнер саласындағы үндестікті, ырғакты, музыка-әндегі дыбыстарды және өнер әдістері туралы білімді игеруі қажет. Айналадағы дүниеге сезімталдық, эстетикалық қабылдау қырағылығы, ықыластылық, қамқорлық жеке тұлғаның эстетикалық дамуының негізі болады. Эстетикалық ұғымды, байымдауды, баға беруді қалыптастыру - эстетикалық тәрбие дамуының міндесі.

Өнер және әдебиет адам санасына белгілі көзқарастарды әр түрлі құралдар арқылы (кескіндемеде-жанр, баталия, пейзаж; мұсінде-бюст, т.б; әдебиетте-проза, поэзия; музыкада- симфония, оратория, ән енгізіледі). Белгіді орыс суретшілері В.Г. Перовтың, И.Е. Репиннің, И.И. Шишкиннің, И.Н. Левитанның және қазақ суретшілері Ә.Қастеевтің, М.Кенбаевтың, Қ.Шаяхметовтың, т.б шығармаларымен байланысты кескіндеме өнері жеке тұлға тәрбиесіне күшті ықпал етеді. Кескіндеме өнері сабағында жеке тұлғаға өмір шындығы туралы көптеген мәлімет береді. Айталық нақты заттың бейнесін салу үстінде жеке тұлға сол заттың қандай пішін құрылышы қандай екенін қарап танысады, оның дүниедегі салмағы, алатын орны, мәні, түр-тұс жағынан қандай екендерін қарап, байқап білуге үйренеді. Осындай мақсатпен көз, ой тоқтатып, зерттеп қарау жеке тұлғаға білім жүйесінің кеңеюіне әсер етеді. Заттар жөнінде жаңа тұсінік пен ұғым пайда болып, олардың шындығы мен құбылышы туралы ұғым қалыптасады. Жоғары оқу орындарында кескіндеме өнері сабағында гуашь, акварель, майлы бояулармен қатар көмір, сангина сияқты материалдар қолданылады. Ең әуелі оқытушы өзінің теориялық білімін көтеріп, кескіндеме өнері сабағының негізі – көркемдік қабылдауға дағылданыру екенін өзі білуге тиіс. Сонда ғана кескіндеме өнері арқылы шын мәніндегі көркемдікке, талғампаздыққа тәрбиелей алады. Оның бер жағында ұлтымыздың жете зерттелмеген мәдениеті, салты мен әдет-ғұрпы, тарихы туралы білуді аңсаушылар мен қызығушылар, құлшынада, құныға кірісіп білуге ұмтылушылар үшін кескіндеме өнерінің рөлі зор. Қазақ халқының таланттыларының бірі Шоқан Үәлиханов сурет салып, сол сурет арқылы халқымыздың салт-дәстүрі, жеріміздің әсем табиғаты, өмір тіршілігі туралы мұра қалдырған. Бұл сөзсіз қазақ халқының кескіндеме өнері тарихында елеулі орынға ие болды. Шоқан суретшілігі сол өзі өмір сүрген тұста да бағаланған жеке тұлғаға оқытушы әр түрлі материалдардың технологиясы мен техникасын үйретуі қажет. Кескіндеме өнері сабағында сурет салу, жеке тұлғаның шеберхана қабырғасынан алған білімдерін

әрі қарай жетілдіруге септігін тигізеді. Ол әр түрлі нобайлар, этюдтар жазу арқылы жүзеге асырылады. Табиғаттағы әр түрлі құбылыстарды беру арқылы жеке тұлға тұстерді ажыратады, сезіне білуге дағдылаңады. Бұл сол бір жазылған суреттің бейнелік шешімін табады. Жеке тұлғаны мүмкіндігінше табиғат аясында салуға баулу қажет. Сонда олар табиғат пен қоршаған орта мен тікелей арласады, әсер алу арқылы дағды қалыптасады. Жалпы кескіндеме өнерінде көріністі бейнелеуде алдымен түстік бояуды анықтамас бұрын, реңдік қатынастарды анықтау керек. Мысалы: табиғат көрінісін алатын болсақ аспан жерге қарағанда жарықырақ, тау бөктеріне қарағанда жер жарықырақ болып көрінеді. Өйткені, күн көзінің сәулесі тау бөктеріне қарағанда басқа жерге тұра тіке түседі. Жеке тұлғаға көріністі тұтас бейнелеуді үйреткенде, оның жеке бөлшектерінен жұмыс жасауға жаттықтыру қажет. Ол барлық суретшілерге тән нәрсе. Осындай әр түрлі өнердің бастауы болған бейнелеу өнері дами-дами сәулет (архитектура), мұсін (скульптура), живопись (кескіндеме) сияқтыларды өмірге әкелді. Ұзақ жылдар барысында көптеген ғалымдар мен өнер зерттеушілердің көшпелі халықта (сақ, қыпшақ, үйсін, Орта Азия, Түрік тайпаларында) мәдениет, әсіресе колтума сурет өнері дамымаған дегенін мүлде шындық еместігін де бұл мысалдар көрсетіп отыр. Оған қоса бейнелеу өнері барлық өнердің ішінде өзіне тән көптеген ерекшелігі мен өзгешелігінің бар екендігін көрсетеді. Оның бер жағында осы айтылғандардың бәрінен адам баласының сұлулықты таңдауында, әсемдік пен әдемілікті өз қолымен құруда көне биік талғампаздыққа тәрбиелеудегі, жалпы алғанда эстетикалық тәрбиеленудегі оның рөлінің зор және ерекше екендігі байқалады.

Сонымен кескіндеме өнерін оқыту барысында эстетикалық тәрбие беру мәселелерін жан-жақты қарастыруымыз керек, яғни көркем эстетикалық тәрбие беру арқылы жеке тұлғаның эстетикалық талғамын дамыту сол арқылы мейірбандық, имандылық қасиеттерін қалыптастыру және жеке тұлғаның қабілетін дамыта отырып, қиял сезімін шарықтату қажет. Өнер адам баласының өмір сүруінде жалпы адамзаттық мәні бар және әрбір жеке тұлғаға керек іс-әрекет, қызмет екендігі анық. Өнер барлық адамның жасы мен қызметіне қарамастан бірден әсер етеді. Өйткені, ол-мейлі әдебиетке, мейлі музыкаға, мейлі кескіндемеге байланысты ма әйтеуір соның бәрі белгілі бір образдық түрде орындалған. Жеке тұлға өмірінің өзгеріліп, өндөліп берілген өмір шындығының көрінісі. "Өнердің қандай түрі болса да, эстетикалық әсер етуін алсақ, біреулер тікелей санаға, енді біреулері адамның кейбір материалдық мұқтаждығын өтей отырып, оның ойы мен сезіміне әсер етеді. Сайып келгенде шындықтың өнер арқылы көрінуі, берілуі - адамның айналасын қоршаған

әлемді, дүниені эстетикалық менгеруге керекті ең тиімді, бояуы қанық, мағынасы анық, тұнықтық пен тұтастық көрінісі”. Ал адамның айналасына деген қатынасы оны қабылдаудынан көрінеді. Ол оның бар ісінде, тұрмыс-тұрысында, табиғатты қабылдаудында байқалады. Егер өнердің өмір шындығын көркемдеп, образдық жолмен бейнелеуі оның ерекшелігі десек және ол шындық құбылысты оның мазмұнмен сезімдік әсер етуін тұтастықта ғана көрсетеді десек дамуда да осы негізге сүйенуге әбден болады. ”Өйткені сол айналадағы санаға да, сезімге де әсер етерлік тұтастықтың нақты көрінісі көркем образ арқылы беріледі. Бұл-ықпал етудің құралы, сол арқылы ол адамның қиялына, ойына, сезінуіне әсер етеді”. Кескіндеме өнері жеке тұлғаның эстетикалық дамуына негіз болып табылады және сұлулыққа, көркемдікке жетелейді.

1. Мизанбаев Р. *Живопись және оның негізгі мәселелері*. - Жезқазган, 1999.
2. Айдарова З. *Бейнелеу өнерінің белестері*. – Алматы: *Бастауыш мектеп*, 1991. - №9.
3. Альмуханбетов Б.А., Балкенов Ж.Ш. *Сурет салу және бояумен жұмыс жасаудың тиімді әдістері. Метод.Реком.* - Алматы, 1982.
4. Ривский Б. *Өнердің ықшам тарихы*. – Алматы: *Өнер*, 1988.
5. Ящухин А.П. *Живопись*. - М., 1985.

Резюме

В данной статье рассматриваются способы эстетического воспитания личности с помощью живописи. Автором анализируются труды отечественных ученых педагогов.

Түйін

Мақалада автор кескіндемені оқушыларға үйретуде эстетикалық тәрбиенің маңызы мен мүмкіндіктерін қарастырады. Сонымен қатар отандық танымал педагог-ғалымдардың еңбектері талданған.

Summary

In this article the author examines the aspects of the creative abilities of students. Examines the works of local psychologists.

ЛЮДВИГ ВАН БЕТХОВЕН ШЫГАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ

С.А. Ермекова –

*ҚазҰПУ-дың көркем сурет факультетінің
«Музыкалық білім және хореография кафедрасының» оқытуышысы*

Музыка тарихында Бетховендей екі дәуір арасында өмір сүрген ірі тұлға жоқ шығар. Өйткені оның өнері музыка әлемінің нағыз шыңында тұрған қазына, сол шындағы қазына арқылы әрбір музыка тілін түсінетін адам бұл қасиетті өнердің болашағын көре алады және кері шегініп 18 ғасырдың музыкасына терең бойлай алады.

Бетховен өз шығармашылығында бүкіл музыка өнерінің өзіне дейін өткен Бах, Гедель, Скарлатти, Рамо, Гайдн, Глюк, Моцарт сынды композиторлардың музыкалық тәжірибелерін нығайтып, жаңа суреткерлік ой-бағыттарын дамытты.

Бетховен бұрынғы бүкіл музыкалық тәжірибені қамтып, оны батыл, қуатты суреткерлік ойлармен қалай байытса, оны 19 ғасырдың бүкіл романтик-композиторлары өз туындыларында шебер пайдаланып барынша кеңейтті /1/.

Бетховенді соңғы классикалық композитор немесе ең бірінші романтик композитор деп айтуға болмайтын шығар. Өйткені оның шығармашылығын не классикалық, не романтикалық стильге жатқызығанан гөрі, бүкіл бұрынғы музыка тарихының ең соңғы нүктесі ері келе жатқан жаңа заманғы музыканың бастапқы қадамы деп айтуға болады. Оның аға замандастары – Гайдн, Глюк, Моцарт болса, кіші замандастары Гофман, Вебер, Шуберт, ал, оның құрдастарының бір парасы – Француз революциясы және Наполеон империясы кезеңдерінің композиторлары.

Бетховенның туындыларын – европа музыкасы тарихындағы жаңа құбылыс деп айтуға болады. Буржуазиялық музикадағы ең бір жоғары, шұғыл бетбұрысқа құралған деп санауға болады /4/.

Бетховенның өнері жаңа бағыт берген француз буржуазиялық революция ықпалының, прогрессивті-демократиялық ой-сананың арқасында пайда болған. "Вена классикалық мектебі" мен неміс өнерінің ықпалының арқасында дамыған Бетховен өз шығармашылығында "еркіндік, бірлік пен бауырластық" деген бүкіл адамзаттық тұрғыдағы ұрандар мен мақсатты өзінше дамыта тұstі.

Әрине, Бетховен музыкасының суреткерлік мазмұны немістің ұлттық өнері шеңберінен шығып кеткен. Ол Гегельдің философиясы мен Гетеңің поэзиясы сияқты бүкіл озат, ойшыл адамзатқа қатысты жырлаған. Өзінің данышпан замандастары мен отандастары сияқты

неміс болмысында өмір сүрген Бетховен, қоршаған ортасының көптеген кедергілеріне қарамастан, өз дәуірінің ең биік суреткерлік шыңына жеткен еді /2/.

Бетховен идеалист, нағыз ойшыл суреткер болған. Оның оймақ-саттары, Писарев жазғандай, өмірмен тығыз байланыста еді. Бірақ Бетховен тағдыры қараңғы, көңілсіз әрі ауыр құндерге толы болды. Былайша айтқанда ол тағдырында тек қатігездік пен мейірміздікті көп көрген. Сондықтан тек шығармашылықпен айналысқанда ғана қоршаған ортаның қatalдығын ұмытып, болашақ үшін әкелген ұлы туындыларының дүниеге келгенін медет тұтатын.

Алдымызда - 18 ғасырда пайда болған "дауыл мен шабуыл" стилі арқау болған әрі Француз буржуазиялық революциясының идеяларынан нәр алған бүкіл неміс бюргерлігі романтизмімен қоса бетховендік шығармашылықтың терең тамырлары жатыр, ол 1848-49 жылдардағы революция мен Германияның қосылу кезеңдерін қоса қамтиды.

Неміс романтизмі идеологиясының процесі жүз жыл бойы даму үстінде болса, Бетховен шығармашылығы сол заманың ең жоғарғы биігінде, бетбұрыс кезеңінде туған еді.

Бетховен шынында классик емес, дегенмен романтик-композитор да емес, өткені оның деңгейі олардан әлдеқайда жоғары /1/.

Беті жел қағып тотықкан, шашы дудардай осы бір дембелше, мығым денелі мосқал адам Вена тұрғындарына жақсы таныс. Ауа райының жақсы-жаманына қарамастан, ол күн сайын серуенге шығады. Оған музыка жазу қандай қажет болса, даланың кеңістігін сезіну, көгілдір аспанды тамашалау сонша қажет. Ол дуалды бойлап, адымдай басып кетіп бара жатады. Жер бауыrlай жүйткіген түйдек-түйдек бұлттарға қарап, жел екпінімен иілген ағаштарға, мазасыздана ұшқан құстарға көз қырын салады. Бірақ құстардың ұшуын, желдің гүлін ол естімейді. Өйткені Бетховен тас керең.

Ол бұл бақытсыздыққа атақ, даңқы шықкан кезде тап болған еді. Ол атақты пианист әрі композитор. Оның "Айлы" және "Патетикалық" сонаталары терең тебіреністі сезімге, дауылды күш-куатқа толы. Бетховен француз революциясының идеялары мен азаттық, теңдік, туысқандық сынды ұрандармен рухтанды. Оның бойында күш-қайрат, шығармашылық ой ұшан-теңіз еді. Сондықтан тағдыры соншалықты ауыр болса да оның сағын сындыра алмады.

Бетховен неміс классикалық әдебиеті мен озық ойлы философиясы рухында тәрбиеленді, өз шығармашылығында Еуропа халықтары ұлт-азаттық күресінің идеяларын жыр етті. Жеке адамдар мен бұқара халықтың шектен тыс зорлыққа, деспотизмге қарсы күресі – Бетховен шығармашылығының түп қазығы. Ол жеке басының трагедиясын халықтың арман мұддесіне, жақсы үмітіне жендеріп, сол үшін ақырғы

демі біткенше еңбек етті. Шынайы демократизм, жоғары эстетикалық бастама, қаһармандық рух – Бетховен шығармашылығына тән қасиеттер. Композитор адамзат баласының жарқын болашағына кәміл сенді. Бетховен өзінің күреске, тартысқа толы небір трагедиялық шығармаларының өзінен оптимистік шешім тапты. Мұны композитордың кез келген симфониялық туындыларынан байқауға болады, ол: Бесінші, Үшінші, Тоғызыншы симфониялары, Гетеңің "Эгмонт" трагедиясына жазған музыкасы, т.б. Оның симфониялары музикалық-драмалық жанрдың шырқау биігіне көтерілді. Аспаптық концерт және камера-лық-аспаптық жанрлардың квартет, трио сияқты түрлерінің өзін симфониялық дәрежеге көтерді. Композитордың фортепианолық 32 сонатасы пианизм өнерінің энциклопедиясына айналды. Соның ішінде 23 сонатасы дүние жүзілік фортепианолық шығармалардың ең биігінен саналады. Ол Венаның классикалық мектебі атты бүкіл бір ағымды ілгері дамытты. Бетховен 9 симфония, 1 опера ("Фиделио"), 1 балет ("Прометейдің жаратқандары"), 11 увертюра ("Кариолан", "Леонора" т.б.), ораториялар, канцаталар, пьесалар мен фантазиялар, камералық-аспаптық шығармалар, фортепиано мен скрипка үшін концерттер, әндер, т.б. шығармалар жазды.

Бетховеннің Отаны – Рейннің сол жағында орналасқан, Бонн қаласы, Кельн курфюрстіктің князь-архиепископтардың резиденциясы /3/.

Бонн 18 ғасырда неміс астанасы еді, оның өмірі де сарай қызметкерлерінің қол астында болған. Архиепископтың сарайы өзіне әртүрлі құлдардың қызметін керек еткен еді. Мұның бір баспалдағы сарай музыканндарынан тұратын. Олардың арасында Бетховеннің атасы мен әкесі де болған. Олардың тағдырын болашақ "Батырлық" симфониясының авторы да қайталады.

Бетховен 1789 университетке түскен жылы француз революциясы басталған еді. Франциямен шектес Рейн ауданы революцияшыл оқиғалардың ықпалын бірден сезе бастады. Алдыңғы қатарлы бюргерлік студенттерге бұл оқиғалар үлкен әсер етті.

Шешесінің өлімі мен мұқтаждық Бетховеннің жанына қатты батса да, ол жаңа қоғамдық өзгерістерді бойына сіңіріп, саясат, философиялық сұрақтарға улken қызығушылықпен қарай бастады. Алдыңғы қатарлы профессорлардың лекцияларында ол француз энциклопедистерінің көзқарастарымен танысты. Бұл жас композитордың республикандыштарға деген оң көзқарасының бастамасы болды.

Француз революциясы бір жағынан жеке адамдар мен бұқара халықтың шектен тыс зорлыққа, деспотизмге, екінші жағынан шіркеу қызметкерлерінің екіжүзділігіне деген қарсылық еді. Ал қоғам қайраткерлері, өкінішке қарай, басқа жол таба алмаған. Соның салдарынан қоғамның алдыңғы қатарлы қайраткерлері сондай көзқарасқа

сеніп, амал жоқтан күш жолына тұра бастаған. Өкінішке қарай, дәл осы кезеңнен бастап революцияшыл көзқарас бүкіл әлемге кеңінен жайыла бастады.

Бонндағы соңғы жылдарда Бетховеннің қызметі мен қоғамдағыabyroйы артып, музикалық туындылары сапалық жағынан жақсара бастаған.

Ұстазы Неефенің арқасында Бетховен бүкіл берлин композиторлық мектебімен танысып, олардың арасынан ұлы Баҳтың шығармашылығын зерттеп "Үлгілі темперацияланған клавирін" түгелімен жаттап алды.

Бетховен кезеңінде Гайдн өзінің қартайған шағына жетіп, Франц Шуберт болса, жаңа шығармашылық өмірін бастаған еді. Антонио Сальери де Венаны өзінің арнайы мекен жайы ретінде қалап, осы жерге көшіп келеді. Чимароза, Керубини, Шпор, Вебер, Россини және де көптеген атақты композиторлар Вена көрермендерінің алдында өзінің опералық туындыларын көрсетеді. Веналық концерттерде Штейбелттен бастап Листке дейін ірі музикалық шеберлер өздерінің орындаушылық өнерін паш етті. Венаның саяжайлары мен қоса маңайындағы әсем жерлерде неміс, тирольдік, моравияның халық әндері мен билерін естуге болатын, ал кафелерде атақты композиторлар венаның бюргерлерін өздерінің вальсттерімен полькаларымен көңіл көтеретін /2/.

Бетховен Венаға келген бетте осындай көңілді, шулы музикалық өмірге шомылды.

Бірақ вена аристократтарының арасында жүрген Бетховеннің мінезін қарапайым деп айтуға болмайтын еді. Оның орындаушылық өнері екпінді, қызу ұмтылышпен ерекшеленсе, оның мінезі де сондай еді, ол кейде тұрпайы сөйлеп, керек болса жүртқа дәрекі тұрде жауап беретін. Веналық аристократтар мен үстіндегі әшекейлі киімдері бар сарай кавалерлерінің арасында Бетховен өзінің жүрісі мен сабалақ тұрімен, бетіне шешектен түскен дақтары мен көздің астымен қарау ерекшеліктерімен бірден көзге түсетін.

Бетховеннің көңіл күйі тек қарапайым бюргерлік үйлерде, өзінің бонндық достары Брейнингтер мен дәрігер Вегелер, пастор Аменде және де басқа музыканы жақсы көретін қарапайым адамдардың арасында ғана көтеріңкі еді.

Оның себебі тек адамның мінезінде ғана емес, ол қоғамда жаңа пайда болған суреткерлік намыстан да шығар. Сарай музыканты атты төменгі сатыдағы кемсітушілікті ешкім түсіне білмеген, соны жоюды Бетховендей ешкім де мақсат етпеген. Осыған байланысты Бетховен көптеген мәртебелі адамдардың арасында, адамның беделі аты мен

шыққан тегінде емес, оның дарыны мен таланттында деген сөздерді айтатын еді.

Князь меценат Лихновскийге атақты композитор былай деген: "Князьдар көп, ал Бетховен болса біреу-ақ!".

Өнерге, қоғамдағы суреткерге деген жаңа көзқарастар француз революциясының ықпалынан пайда бола бастады. Бетховенның республикалық демократизмі вена аристократтарына деген жаратпаушылық және жек көрушілік туғыза бастады.

Дәл осы жылдардан бастап Бетховенге өзімен қыын күресі – батырлық жеңістерді үркітетін ұтылсызы аралас кезеңдер басталады.

Тек музика, поэзия, философиямен өзінің қажырлы шығармашылық жұмысы оған уақытша тыныштық әкеледі. Ол неміс классиктерін оқып, кейін көне грек және индус кеменгерлерінің шығармаларын үніле зерттейді. Оның соңғы онжылдықтағы шығармалары керендейдік пен қараңғылықта жазылған еді.

Бетховенге ем қонбай, ақыры 1802 жылы өлімі жақындаған келе жатқанын мойындаған, ол өсиетқағаз жазады. Оның "Гелигенштадт өсиеті" атты құжаты оқырманның көз алдында 30 жастағы керен болып қалған, дарынды суреткердің трагедиясын көрсетеді /3/.

Бұл өсиетте алты жыл бойы жалғаса берген, есту қабілетінен айрыла бастаған "өзіне бір жарық күн қуанышын" қайтаруды үміт еткен композитордың қайғылы тағдыры туралы жазылған. Бірақ Бетховен өлген жоқ, өнер мен музика оны өмірге оралтты. Бетховенниң пікірінше "адамның қеудесінен от шығаратын" эстетикалық ойлармен композиторды байланыстыратын жаңа өнер ғана. Дәл осы жылдарды Бетховен фортепиано мен скрипкаға арналған "Крейцер сонатасы" жұмысымен шұғылданады және оның жаңа кеменгер шығармашылық кезеңін ашатын "Батырлық" симфониясын жаза бастайды.

Әрине, аталған шығармалардың көбісін Бетховенниң шығармашылығының шыңы деуге болмайды. Әйтсе де, бұл туындылар 90 жылы жазылған композитордың жаңа суреткерлік жүзін айқындайтын аса ірі туындыларын жазардан алыңғы дайындығы еді. Олар: "Патетикалық" және "Айлы" фортепианолық сонаталарына дейін шыққан алғашқы алты квартет пен екі ірі симфония тағы басқалар.

Бұлардың көбісі Бетховен өміріндегі ірі өзгерістер кезеңінде жазылған еді. Бір жағынан ол композитордың қоғамда қалыптасқан аты мен шығармашылық күшін сезе бастағанда, жаңа суреткерлік идеялары мен революцияшыл дәүірінің, терең мазмұнға толы кезеңі еді, басқа жағынан айтқанда, Бетховенниң басына келген ауыр кесел, осы ауырумен шайқасу мен ішкі сергелден сезімдермен, яғни өмірінің ауырлылығымен ерекшеленген кезең болатын. Дәл осы кезде Бетховен бірнеше ғашықтық кезеңдерге тап болады: бірінші Тереза

Брунswickке, біраздан кейін Джульєтта Гвиччардиге ғашық болады. Ол "Айлы сонатасын" Джульєтта Гвиччардиге арнайды.

Бетховенның жанына қоршаған ортада өткен оқиғалар да үлкен әсер еткен. Еуропаның Франциядағы коалицияшыл мемлекеттерге қарсы революциялық соғыстары Бетховенның патриоттық сезімдерінің күшеюіне себеп болды, ақыр аяғында республиканың жас батырларына деген сүйіспеншілігін оятты. Осы сәттен кейін Бетховен өзін дүниежүзінің азаматымын деп сезіне бастайды. Әсіресе, Бетховенге жас консул Наполеонның жеңістері зор қуаныш әкеледі. Бірақ бұл сүйіспеншілік консулдың император болып кеткенінен кейін ақыры жек көрушілікке айналады.

Жылдар бойы созылған наполеондық соғыстар Австрия, әсіресе Вена үшін көптеген ауыр кезеңдер алып келген еді. Француз әскерлерімен екі рет жауланған қаланың бейбіт өмірі бұзыла бастады: мемлекеттік қаржы жағдайы төмендеп, кепілдік болса, одан әрі тез арада өсе берді, бюргерлер ойсырап, тек өсімқорлар ғана байи бастады. Вена тұрғындарының саны төмендеді, Венаның көңіл көтеретін тұрмысы да тоқталды, кафелер мен саябақтар да құр бос тұра берді. 1809 жылы Австрияның бірінші министрі болып тағайындалған граф Меттерних біріншіден полицияның жұмысына көп көңіл аудара бастайды /2/.

Бұл ауыр соғыс жылдарында Бетховен өзінің ішкі сезімін баса тұрып, шығармашылығын шындаған түседі. Бұл оның "батырлық", оның үстіне романтикалық ұмтылысының бас кезеңі еді. Бетховеннің суреткерлік идеялары шексіз деңгейіне жетті, оның шығармалары терең де жан-жақты мазмұнымен ерекшелене бастады.

Бетховеннің үшінші симфониядан кейінгі жазылған шығармаларында "батырлық" тақырыбы одан әрі кеңеңе береді: фортепианолық "Аврора", "Аппасионата" сонаталарында, "Фиделио" операсында, Бесінші симфониясында, фортепиано, хор және оркестрге арналған фантазиясында, "Эгмонт" увертюрасының музыкасында айтылған әзелемттер бар.

Бірақ та осы "батырлық" тақырыбымен бірге "лирико-романтикалық" мінездеме де одан әрі нығайа бастайды. Мәселен, До мажорды шапшаң мінезді сонатадан кейін, Фа мажорды өте нәзік соната пайда болады, ал "Аппасионатадан" кейін бірден Соль мажорды концерт жазылды, 5 симфониямен бірге Бетховен лирикалық алтыншы симфонияны жазып шығарады.

1809 шығармашылығының бетбұрыс жылды Бетховен жетінші мен сегізінші симфонияларды жазумен шұғылданып, оның үстіне Ми bemоль мажорды керемет фортепианолық концерт пен аспаптық квартет жазады.

Бетховеннің соңғы ірі шығармалырының ішінде 5 аспаптық квартеті бар, оның үшеуі князь Голицинның тапсырмасымен жазылған еді. Бұдан бұрын 1806 жылы Бетховен Венадағы орыс елшісі граф Алексей Разумовскийге үш квартет арнаған. Олар кезінде, жігермен тез арада жазылған еді. Енді болса 1824-26 жылдары Бетховен басқаша жұмыс істейді. Ол асықпай, әрбір эскизге көп назар аударып, жаңа музикалық ойларды іздеумен айналысады. Соның салдарынан Бетховен қайтыс болғанынан кейін, оның соңғы квартеттерін орындауға ешкім бармаған, оларды керен, ақылын жоғалтқан, қартайған композитордың бір қияли ойлары деп санаған.

Бетховенның соңғы онжылдық өмірі Венадағы ірі реакцияшыл саяси өзгерістер кезінде өткен. 1819 жылы стундент Занд патша агентін, жазушы Коцебуды өлтіргенін кейін, Меттерних террорын одан әрі күшайте берді. Әсіресе баспасөз жазылымдарына аса қатты цензура енгізілген еді.

Өзінің республикалық, демократиялық көзқарасын ашық айта білген композитордың үстінен құпия хабар беріле бастайды. Полиция оның артынан қалмай, ізіне түседі, ол туралы Бетховенге достары бірнеше рет хабарлаған еді. Кейін жарияланған дәптерлеріне қарағанда, Бетховенмен достары арасында саясат турасында өте ашық әңгімелер жүргізілген екен. Бұл дәптердің сарғыш беттерінде венаның конгресіне деген келемеждік, шіркеу мен монахтарға деген қадірлеусіздік, Меттернихтің зандарына деген наразылық, "Қасиетті одақтастыққа" деген жеккөрушілік пен келе жатқан революцияға деген орасан зор сенімді оқуға болады. Бірақ, өкінішке қарай, Бетховеннен кейін басталған революциялық кезең халыққа ешбір тыныштық пен береке әкеле алмаған.

Өмірінің соңында ауыр саясаттық реакцияшыл күйзелістер және ағасының баласымен соқтығыстары оның отбасындағы берекесін алады.

1827 жылдың 26 наурызында композитор қайтыс болады. Дәл осы күні аяқ астынан найжағай жарқырап, бұршақ жауды. Бетховен кешкі сағат алтыда қайтыс болған. Одан қалған заттардың бәрі де, аукционда бар болғаны бір жарым мың флоринге сатылған. Оның көптеген ноталық жазылымдары, күнделіктері мен сөйлесу үшін арналған дәптерлері жоғалған /4/.

1. Галацкая В.С. *Музыкальная литература зарубежных стран*. Вып. 2. – М., 1978.
2. Гивенталь И.А., Гингольд Л.Д. *Музыкальная литература*. – М., 1976.
3. Кельдыш Ю.В. *Музыкальная энциклопедия*. Т.1. – М.: Советская энциклопедия, 1973. – 1070 с.

4. Конен В.Д. История зарубежной музыки. Вып. 3 Германия, Австрия, Италия, Франция, Польша с 1789 года середины XIX века. – М., 1976.

Резюме

Данная статья посвящена жизненному и творческому пути выдающегося композитора эпохи классицизма Людвигу ванн Бетховену, а также художественным особенностям произведений великого мастера.

Түйін

Аталған мақала классицизм дәүіріндегі атақты композитор Людвиг ванн Бетховеннің өмірі мен шығармашылық жолына арналған және де даңқты шебердің туындыларының ерекшеліктері қарастырылған.

Summary

The article is about the creative path of outstanding Austrian composer Ludwig van Beethoven.

ПОРТРЕТКЕ ЖӘНЕ ЖАНДЫ ТІРШІЛК ИЕЛЕРІН БЕЙНЕЛЕУГЕ ИСЛАМНЫҢ КӨЗҚАРАСЫ

Е.Б. Қайшыбек -

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың КСФ-ң «живопись» кафедрасының
аға оқытушысы*

Соңғы жылдары айқын байқалатын діни сананың қайта өрлеуі (ренессанс) әр бағыттағы мамандардың дін тақырыбына деген артып келе жатқан қызығушылығын жандандыра тұсті. Көптеген сарапшылар барлық бұрынғы кеңес мемлекеттерінде адамдарды дінге қатысы бойынша тұлғалық сәйкестендіру айтарлықтай өзгергенін мойындал отыр. Қазақстанда аталған процестердің өзіндік өзгешелігі бар екені сөзсіз. Мамандардың зерттеу нәтижелері бойынша, елімізде өздерін мұсылмандарға жатқызатын адамдардың үлес салмағы неғұрлым қомақты болып қалуда. Республика халқының 70 пайызы өздерін ислам дінін ұстанушыларға жатқызады.

Қазақстан қазір зайдарлы мемлекет, алайда дін – қоғамымыздың ажырамас бөлігі, сондықтан мемлекет діндерді дамытуға әрқашан көңіл бөлетіні аян. Мемлекеттің дін саясаты – бұл қазақстанның мұсылмандарды, әсіресе жастарды қажетті көлемде діни және зайдарлы біліммен қамтамасыз ету. Оның үстіне соңғы жылдары діндар жастар саны артып келеді, олар көбіне еліміздің және шет елдердің

жоғары оқу орындарында білім алуға ұмтылуда. Діндердің кең тара-лын назарға ала отырып, оларға ислам, бейнелеу өнері және мәде-ниет туралы дұрыс түсінік беру қажеттілігі туындайды.

Суретшілердің, әсіресе жастардың арасында дін ұстанудың пәрмені артып келе жатқаны хақ, бұл факт. Осы орайда исламның бейнелеу өнеріне, нақтырақ айтсақ, адамдар мен жануарларды бейнелеуге көз-қарасы түйінді мәселелердің бірі болып отыр. Бұғінде аталған мәселе қазақстандықтардың жас буын ұрпағын, жас суретшілерді ғана емес, аға буын суретшілерді де толғандырып келеді. Өкінішке қарай, ислам қағидаттарын ұстіртін түсіну, сондай-ақ, осы саладан жете хабардар болмау дінді өнерге қарсы қоюға әкеліп соғады. Жанды тіршілік ие-лерін бейнелеу ислам құқығында қашаннан аса өткір әрі қайшылықты мәселелердің бірі болып табылады. Аталған мәселе бойынша дәстүрлі көзқарас адамдар мен жануарлар бейнесін сомдауға толық тыйым салу деп танылыш келеді. Діни сенім мен өнердің, яғни көркемдік таным формасының арасындағы қарама-қайшылықты жою исламда діннің өнерді пайдалануы арқылы емес, бейнелеу өнерінен бас тартуы арқылы жүруде, бұл еліміздің діндар азаматтарының шығармашылық дамуына қатты әсерін тигізеді. Көптеген жас сурет-шілерде, сондай-ақ көркемсурет оқу орындарының, оның ішінде педагогикалық ЖОО-лардың көркемсурет-графикалық факультеттерінің студенттерінде өздерінің мамандық тандауы туралы күмән туындаған бастайды.

«Живопись» пәні арнаулы оқу пәндерінің арасында ерекше орын алады, алайда бейнелеу өнері пәнінің мұғалімдерін даярлау жүйесінде аталған мәселе живописсті оқыту процесінде көркемсурет-педагогикалық білім берудің және бейнелеу өнерінің күрделі әрі жете зерттелмеген аясы болып табылады. Оқу бағдарламасы міндетті түрде адамның суретін салуды, көп фигуralы композиция құруды және жанды тіршілік иелерін бейнелейтін көптеген басқа да міндеттерді қамтиды. Портреттік живопись көркемсурет факультеттерінің білім беру процесіндегі оқу пәні ретінде аса маңызды және күрделі жанрлардың бірі болып табылады, өйткені ол живопись пен сурет теориясы бойынша көптеген білімдерді, практикалық іскерлікті және оқушылардың көзі мен қолын кәсіби дұрыс қоюды қамтиды. Мұнда форманы түспен беруде айрықша нақтылық керек. Портреттік живопись саласында даярлықтың жеткіліксіз болуы өз бетінше шығармашылықпен айналысқанда және бұдан арғы педагогикалық қызметте көптеген теріс құбылыстарға әкеліп соғады. Жоғары білікті педагог-суретшіні даярлау үшін бағдарламаның барлық талаптарын қатаң орындау қажет. Өкінішке қарай, діни білімі жеткіліксіздеу діндар студенттер адам фигурасын кескіндеу тапсырмасын ыждағатты

орында майды, соның нәтижесінде кәсіби даярлығы нашар болып, бұл көркемсурет-графика факультеттері түлектерінің деңгейі төмен болуына әсер етеді, ол бұл өз кезегінде мектептер, колледждер, бейнелеу өнері студиялары және басқа да мәдениет пен өнер мекемелері үшін педагогикалық кадрлар даярлауға ықпалын тигізбей қоймайды.

Аталған мәселе арнайы, мұқият және жүйелі зерделеуді талап етеді. Жансыз заттарды бейнелеуді алсақ, олардың оқыту мақсатын көздең болсын, әлде басқа да мақсаттармен жасалсын, мейлі, оған қарамастан – теріс ештеңе жоқ. Ал жанды тіршілік иелерінің бейнелерін салу мен мұсіндерін сомдауға келгенде мәселе түйінделіп қалады. Исламда мұндай бейнелеулерге бастапқы нұсқау – тыйым салу болатын, өйткені Суннада сондай әрекеттерді кінәраттау және оларға тыйым салу туралы айқын тұжырымдар бар. Мысалы, Ибн Омардың Аллах былай деп айтты деген сөздері бар: «Шынында да осындағы бейнелерді жасаған адамдар Ақырзаман болғанда азапқа түседі және олардан: «Жасаған дүниене жан бер!» - деп талап етіледі (әл-Бухари, Мұслим). Сондай-ақ: «Шынында да жанды тіршілік иелерінің бейнесі бар үйге періштер бармайды» делінеді, осыдан келіп барлық діндар адамдар бұрын да, қазір де осындағы әрекеттен, оның ішінде, әрине, портрет жасаудан әрқашан бас тартады. Дегенмен осы тыйымға тек оқыту мақсатында жеңілдік берілуі мүмкін. Бейнелеу өнеріне (живопись, мұсіндеңе) мұсылман діні салған тыйымдарға, исламның бейнелерге қатысты ашық ұстанған көзқарасындағы қындықтарға қарамастан, суретшінің шығармашылық рухын, оның эстетикалық санасын, көркемдік дуниетанымын із-түзсіз, түпкілікті құртып жіберуге болмайды, өйткені Қасиетті Құранда әлемдік болмыстың шынайы ғажайыптары бірнеше мәрте аталып, оларды айқын да жанды бейнелеу шаралары жасалуда. Мысалы, оқыту мақсатында адам деңесін бейнелеу қажеттілік деп қарастырыла алады, бұл тыйымды жеңілдетеді. Сондай-ақ мұсіндер әзірлеу де оку мақсатында пайдаланылады, оқушылар оны жасауға мәжбүр болады, оған жол берілген деп саналады.

Күні бүгінге дейін «білімді» ортада исламдағы бейнелеу өнеріне қойылатын тыйымның шынайы дәрежесі туралы жаңсақ түсініктер бар және бұлардың кәсіби шығыстанушылардың аузынан естілуі өкінішті-ақ. Соңғы екі ғасыр бойы әр түрлі елдерде басылып шыққан мұсылман өнері туралы көптеген кітаптар мен мақалалардың ішінде ортодоксалды исламның адамдар мен жануарларды бейнелеуге көзқарасы мәселесін қандай да бір дәрежеде қозғайтын жұмыс жоқтың қасы. Оларда ислам да, иудаизм сияқты, адамдар мен жануарларды бейнелеуге тыйым салады деген пікір кең таралған. Алайда бұл аса дұрыс емес. Құранда жанды тіршілік иелерін бейнелеуге тыйым жоқ.

Бұрын жандыны бейнелеу оны пір тұтып, әулие санауға әкелген. Міне, нақ соған қатты тыйым салынған. Өйткені кескінделген адамдарды (немесе жануарларды) пір тұту арқылы біртіндеп адамды пүтқа табынуға алып келетін алғышарттар жасалады. Тыйым салу мұнданай кескіндемелердің құдайға серік қосуға (ширк) әкеліп соғуы мүмкін, не кейде оларға тек Аллаһқа ғана лайық құрмет пен сый көрсетіледі деген пайымдауларға негізделеді. Шектеулердің қөпшілігі расында да бейнені пір тұтып, пүтқа табынуды болдырмауға ғана бағытталған. Картиналар мен бейнелерді ұлықтап, оларға табынуға тыйым салынады. Бейнені салуға болады – бұл өнер ғой, бірақ одан пір жасап, табынуға болмайды. Сонымен қатар, барлық ислам ғалымдары пікірінің келіп саятыны – бейне ешкімге зиян келтірмеуі, күнә мен арсыздыққа шақырмауы тиіс. Егер картиналарда жалаңаш адамдар немесе ар-ұятқа жатпайтын дүниелер бейнеленбесе, сурет салуға еш тыйым жоқ. Бейне шын мәнінде «туынды» емес, бар болғаны шынайы өмірде бардың көрінісі ғана. Егер алдында айтылған шектеулер сақталса, адамдарды, жануарларды, табиғатты және т.б. салуға рұқсат етіледі. Юсуф әл-Карадавидің «Қазіргі заманғы фетвтер» атты кітабына жүгінсек, мәселені ақыл-парасатпен шешу керек. «Үш өлшемді фигуralардың кейбір түрлері бар, – деп атап көрсетеді өз фетвінде Юсуф әл Кардави, – олар табынуға немесе иелерінің байлығын жүртқа паш етіп көрсетуге арналған. Ислам оларды біледі, бірақ зиянды деп таппайды. Балалардың ойыншықтары (мысалға, адамдар мен жануарлар түріндегі қуыршақтар) нақ осы санатқа түседі. Демек, исламда мұсіндерге тыйым салынғанымен, журналдарда, газеттерде, теледидарда, кітаптарда, компьютерлерде суреттерге, сондай-ақ картиналарға рұқсат етілген. Тек жалаңаш адам немесе басқа да бір теріс қылыш ғарнеленсе ғана тыйым салынуы мүмкін. Бірақ оларға [яғни, картиналар мен бейне-лерге] рұқсат етілгенімен, қажетсіз және босқа уақыт өткізу үшін салу керек емес».

Қатты тыйым салынатын нәрсенің бірі – туынды жасау, жарату мүмкіндігін өзіне телу. Туынды жасау тек Жаратушы – Құдайға ғана тән. Ал адамдар өздерінің өмірін, үйінің интерьерін немесе ғимарат сәулетін көркемдеп - сәндейтін нәрсе ретінде мұсіндемен, живописьмен айналыса алады, Жаратқанның белгілеген табиғат заңдарын пайдалана отырып, өте ақылды машиналар мен тетіктер жасай алады. Дегенмен, олар қаншалықты ақылды десек те, Құдай жаратқан ең бір мардымсыз дүниені, мысалы шыбынды, қайта жаратуға, сондай бірдене жасауға шамасы жетпейді. Қандай биікке қол жеткізгенімен, ешқашан олай жасай алмайды (Қасиетті Құранды қараңыз, 22:73).

Туынды жасауда Аллаһпен жарысқандай болатындықтан да бейнелерге тыйым салынады. Негізінен бұл жерде «өздерінің қылқалам-

дарынан жаңа дүние тудырып, қандай да бір адамның портретіне ерекше бірдене қостық» деп ойлайтын суретшілер туралы сөз болып отыр. Оларға өздерінің «туындыларына» жан салу ғана қалды – сонда ол тіріліп кететіндегі көрінеді. Ислам білімді, ғылымды, мәдениетті көтермелеп, оларға жақ-жақты игі ықпалын жасайды, бірақ өнердің жаратушылыққа таласатын бөлігіне, мысалы, суретшілердің немесе мұсіншілердің Құдайды ысырып қойып, өз кеудесін ұрып, бір таңғажайып, шедевр дүние жасадым деп танитын кезде тыйым салады. Өйткені портрет сөзінің (фр. portrait, ежелгі франц. portraire деген сөзінен — «бірденені дәл қайталап жаңғырту», ескіше парсуна — латынның persona — «тұлға» сөзінен) өзі айтып түрғандай – бұл туынды емес, көркемсурет құралдары (живопись, графика, гравюра, мұсінде-ме, фотография, полиграфия) арқылы, сондай-ақ әдебиет пен криминалистикада (сөзбен портрет) шынайы өмірде бар немесе болған қандай да бір адамды не адамдар тобын бейнелеу немесе суреттеу ғана.

Екіншіден, суретшінің портретті немесе жанды тіршілік иелері бар картинаны бейнелеудегі ниетін, олардың қалай пайдаланылуын, қандай мақсатты көздейтінін анықтап алу, тек сонда ғана біз исламдағы моральдық тыйымды бұзбай, әсемдіктің барлық дерлік салаларында таң қаларлық биіктеге қол жеткізе аламыз.

«Ад-дийну юср», — дейтін Мұхаммед пайғамбар (оған Аллаһтың нұры мен раҳметі жаусын)). Яғни, дін – женілдік. Ол өмірді қынданатуға емес, оған женілдік беруге арналған. Сондай-ақ Пайғамбар: «Асқан кінәмшілдік және шамадан тыс қаталдық білдірген адамдар құрып кетеді» дегенді үш рет қайталап айтқан. Сондықтан бейнелер мен мұсіндерге тыйым салу туралы айтатын хадистерді сөзбе-сөз ұғынбау керек, оларға шынайы көзқараспен, терен түсінікпен қарап, дұрыс түсіндіру қажет. Біздің өмір сүріп отырған ғасырымыз – ғылым, техника және өркендеу ғасыры. Құранның әрбір аятын, сүрені зерделеген кезде осы жетістіктерді пайдалану керек, тек сонда ғана исламдағы әрбір заңының мазмұнын айқын түсініп, нақты білуге болады, сонда ғана ислам мен бейнелеу өнері арасында қарама-қайшылық болмайды.

1. Настич В.Н. Художественное оформление мусульманских монет: нарушение, запреты? - М., 2006.
2. Султангалиева А.К. Ислам в Казахстане: история, этничность, общество. – Алматы, 1988.
3. Пономарева А. Мусульмане Европы: прогрессирующий фактор страха // Индекс безопасности. - 2007. - № 3.
4. Телебаев F.T. Ислам Қазақстанда: әлеуметтік портрет.
5. Торкаман Э.И. Исламдағы сұлулық бейнесі. - М., 2009.

6. Кларк Э. Искусство исламского сада // Пер. с англ. – М.: «Ниола Пресс», 2008.
7. Құран.
8. Хадистер.
9. Анишерони А. О исламской живописи. - Баку, 2009.

Резюме

Потенциал растущей религиозности среди художников, особенно среди молодежи, уже существует. Прогрессивная тенденция общественной жизни, которой питается искусство, обнаруживает противоречие между религиозной идеологией и художественным развитием среди верующих. В этой связи одним из больных вопросов является отношение ислама к изобразительному искусству. Этот вопрос сегодня волнует молодое поколение казахстанцев, в том числе как начинающих, так и установившихся художников. Данная статья делает попытку правильного истолкования запрета в исламе на изображение человека и других живых существ в разрешении противоречий между исламом и изобразительным искусством.

Түйін

Қазіргі кездерде жастар арасында діншілдіктің таралуы, дамуы, шарықтауы заманында (әсіресе ол суретшілер арасында көптеп кездеседі) бейнелеу өнерінің ислам дініне қарама-қатынасы сияқты сұрақтар қазіргі кездердегі ең көкейкесті мәселелердің біріне айналып отыр. Сондықтан да, бұл сұрақ қазіргі кезде жас және орта буын суретшілері мен қазақ жастарын бірталай толғандыруда. Аталған мақалада автор ислам дінінде бейнелеу өнерінің тыйым салынуына қарсылықтар білдіре отырып, ондағы қарама-қайшылықтарды шешуге деген талпынысы аңғарылады.

Summary

The potential of growing religiosity among artists, especially young people, already exists. Progressive trend of public life, which feeds on art, reveals the contradiction between religious ideology and artistic development among the faithful. In this regard, one of the patients problems is the attitude of Islam to the visual arts. This question is now gripped by a young generation of Kazakhstan, including both beginners and established artists. This article attempts to correct interpretation of the prohibition in Islam on images of humans and other living creatures in resolving contradictions between Islam and the visual arts.

«КОМПОЗИЦИЯ» ОҚУ ПӘННІҢ НЕГІЗГІ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

Г.А. Қалдыбаева -

ҚазМКПУ «Кәсіптік білім» кафедрасының аға оқытушысы

«Композиция» латынның *compositio* сөзінен аударғанда шығарма, құрастырма, орналастыру деген мағынаны білдіреді. Бөлек тараулардың шығармалары, анықталған тәртіpte элементтердің жинақталуы, олардың өзара байланыстары, жалпы үйлесімге келуін біз өсімдік және жануарлар әлемінде байқаймыз. Мысалы, әрбір өсімдік бөлшектерден құралады, олар бірігіп қандайда бір бүтінге келіп, форманы береді. Табиғатта аса сипатты және жиі кездесетін композициялық заңдылық болып бүтіндік, симметрия және ырғақтылық болып табылады. Бүтіндік үйлесімділікте байқалады, соңғы құрылымдар немесе заттың конструкциялары, симметрия – тепе-тендікте, ырғақтылық – анықталған аралықтарда бір немесе бірнеше элементтердің қайталануында анықталады. Симметрия үшін салыстырмалы тыныштық сипатты, бөліктерінің тепе-тендігі, ал ырғақтылыққа көп немесе аз дәрежедегі қозғалыс қонымды. Табиғат әлеміне тән композициялық бастау (бүтіндік, симметрия, ырғақтылық) өнерде ерекше түрде орын алады. Композиция - шығарманы бүтіндейтін, олардың жеке элементтерін бір-біріне толықтыратын, аса маңызды, көркем түрді үйымдастырушы компонент. Көркем тәжірибе барысында жиналатын композиция заңдылықтары, объективті заңдылықтар мен өзара байланыстардың бейнесі болып табылады, нақты дүниенің құбылысы. Пластикалық өнерде композиция көркем түрлердің жасалуын біріктіреді (нақты және кеңістіктің түзілуі, симметрия мен ассиметрия, масштаб, ырғақтылық және пропорция, нюанс пен қарама-қарсылық, болашақ, топталу, түстілік шешімдер және т.б.). Композиция шығарманың ішкі құраушы ғана емес, қоршаған орта мен көрермендердің қатынастарында үйымдастырады. Композиция көркем түрдің компоненттерін жасаушы аса маңызды, шығарманы толықтырушы, олардың элементтерін бір-біріне үйлестіруші болып табылады. Байқағанымыздай, композицияда толықтырулар байқалады. Композиция сипатының мазмұнына тәуелділігі көрсетіледі. Осындай анықтама объективті және жалпы ортақ заңдылықтардың бар екендігін, осы және басқа шамада объективті заңдылықтар мен өзара байланыстылықтың бейнесі, нақты дүниенің құбылысы екендігін көрсетеді. Алдыңғы анықтамаға қарағанда мұнда композиция құрылым ретінде қарастырылған. Белгілі болғандай, құрылым толық, заңдылықтардан тұратын және ортақ сипаттан тұратын байланысқан бөліктерден құралады. Бұған қоса, композицияның анықтамасын шығармас бұрын,

Волков мынандай мазмұны жағынан ұқсас түсініктерді зерттеді, «құрылым» және «конструкция». «Құрылым» ол - ортақ түсінік, «конструкция» - «құрылымның» қандайда бір типі болып табылады. Бұған қоса, Волков мынаған көңіл бөлді, «конструкция» мен «құрылым» түсініктері толықтылықтың белгілерін көрсетсе де олар түйікталған және аяқталған болуы мүмкін. Үнемі композиция аяқтылықты және түйікталғандылықты ұсынады. Сондықтан Волков композицияның анықтамасына «құрылым» түсінігін енгізді, алайда ол да бүтіндікті ұсынады. Осылайша, композиция – ол фиксацияланған және элементтердің түсінігімен байланысқан түйікталған құрылым (конструкцияны да осылай айтуға болады). Бұл анықтама аяқталған болатын, бірақ ол толық емес, құрылымда немесе конструкцияда элементтердің ауысуы болады, олардан кейбіреулерін шегеру немесе жаңаларды қосу (конструкция немесе құрылымының негізін сақтай отырып). Мысалы, қандайда бір машинаға (конструкцияға) кішкентай детальді қосу немесе бар болған детальдің біреуін алып тастау. Бірақ машина (конструкция) нақты бейнесінде қалады. Бірақ мұны композицияға қатысты өнердің шығармасы деуге болмайды. Ол өзінің толықтығының, көркем бейнесінсіз өзгере алмайды. Осы ой табиғи шығарма композициясында міндетті түрде көрінеді. Осы анықтаманың анализі нәтижесінде «композиция» түсінігінің толығырақ анықтамасын жасау қажет болды. Ол үшін келесі сипаттағы үш түсінікті қосу керек болды. 1. Композиция - ол сондай толық түсінік, яғни одан ештеңе қосуға, ештеңе алып тастауға болмайтын екендігін анықтау. 2. Композиция анықтамасының мәтінінде «құрылым» түсінігін ашу. 3. Композиция анықтамасында, оны табиғи шығарманың көркем формасы екендігін көрсету. Волков ұсынған композиция анықтамасына осы сұрақтарды енгізу барысында, «композицияның» аса толық анықтамасы былайша айтылады: «Композиция бейнелеу өнерінің шығармасы болуы, барлық формаларды біріктіруші, занылықты бір-бірімен байланысқан және онда еш нәрсені өзгертуге немесе ауыстыруға болмайтын, одан еш нәрсені алуға немесе қосуға болмайтын жалпы бөліктерден (элементтерден) бейнелеу өнерінің басты формасы болып табылады». Бұл «композиция» түсігінің анықтамасы бейнелеу өнерінде негізінен, табиғи шығармада негізгі көркем түр болып табылады, композиция деп жиі кездерде натурадан орындалған этюдті де атайды. Жалпы осындай анықтама дұрыстау, натуралық этюдтің мәнері мен толықтылығы суретшінің таңдаған мотиві мен бейнеленетін, барлық элементтерді берілген өлшем мен форматта орналастыру, мативтің «конструкциясын» сезіну, оны түстегенде шешу, бастысын бөліп алу, және этюдті аяқтау. Осылайша, мұнда «композиция» түсінігі екі түсінікте

қарастырылған: 1) негізінен – композиция табиғи шығарманың көркем формасы сияқты, 2) композиция жеке табиғи шығарма. Композицияны тағы да екі мағынада қарауға болады: композиция (композиция теориясы) ғылым сияқты, яғни творчестволық өнердің бөлігі сияқты, және композиция оқу дисциплинасы болып табылады (оқу сабағы). Композиция немесе композиция теориясы бейнелеу өнеріндегі ғылым сияқты өзінің даму сатысында. Осыған байланысты, осы теорияның тарихы шын мәнісінде жоқ. Бірақ бейнелеу өнерінде композицияға байланысты туатын жағдайларға қатысты кейбір сұрақтарды мамандар зерттеуде. Н.Н. Волковтың «кескіндемедегі композиция» атты кітабында бірінші рет бейнелеу өнерінде композиция теориясының негізгі жағдайларының шенберін жасау қадамы көрсетілді. Сондықтан бұл кітапта көптеген әлі шешілмеген сұрақтар табуға болады. Осы және басқа да жағдайларды талқылауда автормен келісуге немесе келіспеуге болады. Жалпы бұл қадам сәтті, себебі, автор композиция теориясына қатысты ең маңызды жағдайларды қарастырған. Композиция теориясын жасаудың қажеттілігін айтсақ, Н.Н. Волковтың композиция теориясын ғылым сияқты шешүге арналған негізгі тапсырмаларды анықтады. Бұл тапсырмалар шынымен композиция теориясының барлық шенберін жайлайды. Бірақ, біздің көзқарасымыз бойынша, оларға тағы бір тапсырманы енгізу керек: объективті бөліктерді зерттеу, қоғам мен табиғатта жүретін, сондай-ақ, өнердегі спецификалық зандарды, және жеке жағдайда композиция аймағын-да, композициялық зандар сияқты. Осы зандар доктриналық сипатта болмайды, алайда Н.Н. Волковтың ойынша, суретшіге ол аса маңызды, себебі, оның негізінде композициялық түрдің кең анализі жатыр. Мысалы, бүтіндік композицияның тек қана құрылымы ғана емес, ол композиция занылышы екенін билетін суретші, өзінің шығармасында мұны ескеретін болады және алдын ала қатаң қателерден сактанады, оларды жөндеуге жөндеуге уақыт жібермеуге тырысады. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, композиция теориясының негізгі зандарын келесідей түрлендіруге болады: композицияға қатысты түсінік жүйесін жасау, композициялық түрдің арсеналын зерттеу, жеке шығармалардың біріккен құрылымда барлық түрлердің байланыс сипаттамаларын қарастыру, композициялық шешімдердің типологиясын табу мақсатында ұлттық стильдерді, өнер жанрына және оның формасының спецификасына терең енетін тарихи жағдайларды шешу негізінде, объективті бөліктерді зерттеу, қоғам мен табиғатта жүретін, сондай-ақ, өнердегі спецификалық зандарды, және жеке жағдайда композиция аймағын-да, композициялық зандар сияқты. Композициялық түрлерді зерт-

теуінсіз және шығармада олардың сипатының, композициялық шешімдердің типологиясы мен композицияның объективті заңдарының сыйкытысында тапсырманы шешу мүмкін емес. Сондықтан, түсінік жүйесінің тапсырмалары басқа көрсетілген тапсырмаларды шешуге қарағанда біртіндеп шешіледі. Композиция теориясы ғылым сияқты даму үстінде болғандықтан және оның алдындағы негізгі, ғаламдық тапсырмалар әлі шешілмеуде. Тек зерттеліп болған нәтижелермен қанағаттану қажет болады. Композицияны тағы да бір мәнде қарастырайық - оқу пәні ретінде. Композиция сурет және кескіндеме сияқты дисциплинарға қарағанда оқу пәні сияқты кейінрек пайда болды. Композицияны алғаш зерттеу барысында таурат, мифологиялық, кейінрек ертегі және еркін тақырыптарда картиналарды жазуға әкелді. Композицияның оқу пәні сияқты қалып қалуы өнер шығармасы өте ұзақ уақыт танылды және өте күрделі оқушылардың шектелген шеберінде ғана дамыды. Суретші-оқытушылардың ойынша, олардың ең басты тапсырмасы - шығарманы жазуды және салуды, оқудың нәтижесі ретінде оқушыларға эсқиз жасауды ұсынды, ал оның негізінде картина салуды ұйғарды. Бағаламау, композицияны оқу құралы ретінде шегеру, әсіресе, көркем мектептерінің түзілуі барысында жас суретшілердің творчестволық дамуын тежеді. Қазір де творчествода ең негізгі нәрсе сезімталдылық деп санайтын оқытушылар аз емес. Алайда, тәжірибе композициялық ынталарға жас суретшілермен қатар, бейнелеу өнерінің оқытушыларын да үйрету қажеттілігін дәлелдеді. Композиция курстар барлық көркем училищелері мен институттардың оқу жоспарларына енгізілді. Көркем-педагогикалық орташа және жоғары оқу орындарының түлектері бір уақытта суретші және бейнелеу өнерінің оқытушысы ретінде дайындықтан өтеді. Оларды суретші-маман етіп дайындастын арнайы дисциплинармен қатар (сурет, кескіндеме, композиция, өнер тарихы), олар бейнелеу өнерінің негіздері әдістемелерін оқиды, сонымен қатар, композицияны оқу әдістемесінде менгереді. Композиция оқу пәні сияқты өзіне мақсат етіп мыналарды қояды: оқу, бейнелеу өнерінде композиция аймағында студенттерді тәрбиелеу, олардың творчестволық мүмкіндіктерін дамыту, танымдық белсенеліктерін арттыру. «Композиция» оқу пәннің осы мақсатына жету барысында оқытушының жетекшілігімен студенттердің оқу-тәрбиелік тапсырмаларын шешу қарастырылған.

«Композиция» оқу пәннің негізгі тапсырмалары болып табылатындар:

1. Студенттердің этикалық тәрбиелігі, көркем-эстетикалық мәдениетке және көркем талғамға тәрбиелеу.
2. Студенттердің көркемдік мүмкінділіктерін дамыту.

- А) Бейнелік (көркемдік) ойлауын.
- Б) Творчестволық елестете алу.
- В) Көрермендік жад.

3. Студенттермен бейнелеу өнерінің шығармаларын жасау процесстерін олардың композициялық жасалу анализімен байланысты тарихи дамуын зерттеу.

4. Композициялық шешім аспектінде өнер шығармасының жасауды студенттерге үйрету және олардың өзінің жеке творчествосының нәтижесінде анализдеу тәжірибесінде дамуы.

5. Студенттермен композицияның даму тарихын оқу пәні ретінде және оны оқыту әдістерін зерттеу.

6. Студенттермен композицияның теориялық негіздерін олардың даму тарихында және өнер шығармасының жасалу барысында өзара байланысын зерттеу.

7. Студенттердің көркем байқаушылықтарын дамыту үшін келесілер ұсынылады:

а) студенттерді суретші тұрғысынан арнайы мақсатта бағытталған, көркем-ойлы бақылаулар жүргізуді үйрету;

б) өмірлік әсерлерді алушы творчестволық үйрету, осы әсерлерді творчествода қолдана білуді үйрету;

в) студенттерді композициялық нобайларды орындауды, салу білу мен этюдті, мұнымен қатар, суретшілердің бақылаулары бойынша жұмыстар жүргізу, натурада «бағалы дәнегін» белгілей отырып, натураның қатысуымен композициялық жұмыстар жасауды үйрету.

8. Студенттерді өзінің құрамында бейнелік бастау бар композиция жасауға (оидан шығару) студенттерді баулу.

9. Творчество негіздерімен студенттерді баулу, бұған қоса, композициялық шеберлікке; өзіндік творчестволық және оқу творчестволық жұмыс бағытында ынталылықты және ары қарай дамыту.

10. Студенттерді, болашақ суретші-оқытушыларды композиция аймағында өзбетінше творчестволық және педагогикалық жұмысқа дайындау. «Композиция» оқу пәнінің тапсырмалары мен мақсаттарына сәйкес олардың мазмұндары да жасалған, ол оқу 1 программа-сында көрсетілген. «Композиция» оқу пәнінің мазмұны творчесволық және тәжірибелік бөліктерден тұрады. Әрбір семестрдің басында әдеттегідей дәрістер оқылады. Олар тақырыпқа кіріспе болып табылады және практикалық сабактар мен үй жұмыстарына теориялық дайындық береді, тапсырманы ойланып орындауға, студенттерді мектепке педагогикалық танымға баулиды. Дәріс курсы үш бөлімнен тұрады. Біріншісінің құрамына композицияның ортақ теориялық сұрақтары бойынша кіріспе дәрістері кіреді. Мұнда олардың занды-

лықтары қаастырылады, барлығына ортақ, бейнелеу өнерінің жанрлары мен түрлері айтылады. Бұл дәрістер бірінші курсың бірінші семестрінің басында оқылады. Екінші бөлімнің дәрістерінде бейнелеу өнерінің жанры мен түрлері бойынша композицияның спецификалық жағдайлары қаастырылады. Белгілі болғандай, бейнелеу өнерінің әрбір жанры, натюрморт, пейзаж, портрет және т.б – ортақ және ішкі жанрлы заңдылықтардың анықталған кешенімен сипатталады, өнер туындыларының композициясы арқылы көрінетін қабылдау мен ережелер сипатталады.

1. Шорохов Е.В. «Композиция». - М.: Просвещение, 1986. - 207 с.
2. Волков Н.Н. Живописьтегі композиция. - М.: Искусство, 1977. - 263 б.
3. Волков Н.Н. Картиналы қабылдау. Қос. 2-бас. - М.: Просвещение, 1976. - 32 б.

Резюме

«Композиция» учебные основные закономерности предмета Понятие «композиция» здесь рассмотрено в двух смыслах: в основном — композиция как художественная форма произведения искусства и композиция как собственно произведение искусства.

Түйін

«Композиция» оқу пәннің негізгі заңдылықтары қаастырылады және де композиция ұғымы екі мағынада: композиция ең біріншіден ол өнер туындысындағы көркем форма ретінде, ал екіншіден ол көркем шығарманың нақты жекешілдігімен ерекшеленеді.

Summary

«Composition» learning the basic laws of the subject. The concept of "composition" is here considered in two senses: in the main - a composition as an art form of art and composition as a true work of art.

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕК ӨНЕРІНІҢ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНДА ҚӨРІНІС ТАБУЫ

Р.Х. Канапьянова – п.э.к., доцент,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Қөркем сурет факультеті

Қазақ халқының көне дәуірден өшпес мұрасы болып, үрпақтан-үрпаққа, әкеден балаға сабақтасып, тізгіннің ұшында, өзіндік тарихымен, әдет-ғұрпымен, сәндік, қөркемдік жолымен, көшпенді елімізді бүкіл әлемге өзінің ерекшелігімен таныта білген –қолөнері.

Қолөнердің халықтың әлеуметтік, салт-тұрмысында алатын орнының қаншалықты биік, жоғары екеніне сене алсаң-оның ішінде қолөнерді нақышына келтіріп әдемілік, әсемдік дүниенің ауқымын кеңейткен ол - ою-өрнек. Олай болса бұл бөлімде айтайық деп отырғанымыз, өткен өмірімізben бірге, өшпей мұра болып, материалдық мүліктерімізben қатарласып, сабақтасып келе жатқан ою-өрнек тура-лы болмақ.

Ою-өрнектің шығып тарауы қолөнер, тұрмыс заттарының өсіп өркендеуімен тығыз байланысты және солардың ішінен орын ала білді. Олардың даму процестеріне халықтың әлеуметтік сана-сезімінің, болмыс тіршілігінің жанданып, мәдениеттің өсіп, тұрмыс жағдайларының жақсаруының да әсері болды /1,74/.

Сонымен қатар ою-өрнектің өркендеуіне ата-бабаларымыздың сезімдік –талғампаздық дүниесі, қоршаған табиғат аясы, өскен ұясы, туған жердің қасиетті топырағы мен тоғай-тауларының құлпырған реңк-тұрларі, шикізат байлықтары да қатты ықпал етті. Әр халыққа, ұлтқа тән өзіндік ою-өрнек негіздері қалыптасып дәстүр алды. Пішу, ұлғі алу және басқа матариалдарға көшіріп әсемдеу жолдары дамыды. Кілемге, киімге, сырмаққа, ыдысқа, қару-жараққа, үй жиһаздарына арналған ою түрлері қалыптасты. Олай болса, ою-өрнек, бүгінгі тіршілік өмірімізге бірден дайын күйінде келмеген. Ою-өрнек адам баласының ақыл-ойларының толып-толқымен, жүргегінің үлпілінен, өзінің айнала қоршаған ортадан туған образдар. Гүлдің, жапырақтың, жан-жануардың бейнелері нақты сол шын қалпында берілмей, көшірілмей, образдар арқылы ою-өрнекке айналып, қолдану аясына ерекше мәнермен, ұнdestікпен, әуенмен жеткен. Бұл – халықтың білімнің, шеберлігінің өсіп, ою-өрнек өнеріне қосқан үлесі, тапқырлығы, данышпандығы.

Ою-өрнекті зерттеген, қолдарынан сан-қылды өрнектің ұлғі – тұрлерін жасап көрермендерді паш етіп қуантқан зергер, ұста, шеберлерімізді, ән мен жырға қосқан әнші, ақындарымызды айтпаған күнде, оларға талдау жасап тарихқа жазып, сыйып кеткен қазақ қол-

өнерінің, оюдың не екенін басқа елдерге жеткізген, көптеген шет елдердің саяхатшыларын, тарихшыларын, этнографтарын, археолог-ғалымдарын айтуға болады. Олардың ішінде В.В. Стасов, Г.Н. Потанин, П.С. Паласс, И.Георги, А.К. Гейнес, С.М. Дудин, В.Н. Чепелевті және т.б. қосып айтуға болады.

Қазақ елінің топырағынан таралған, сүйн ішіп жоғарғы дәрежелі білім алып, сол білімдерін басқа ел мамандарына таныта білген және қазақ қолөнерін жоғары бағалап, талдау жасап, оның ішінде ою-өрнегі топтастырып бір жүйеге келтірген этнограф, тарихшы, әдебиетші, өнертанушы ғалымдарымыз да бар. Олар Ш.Уәлиханов, Ә. Марғұлан, Х.Арғынбаев, С.Қасиманов, М.Мұқанов, Ә.Жәнібеков, Т.К. Бәсенов және т.б. /2,96/.

Қазақ халқының қолөнерін дамытып, оны әлемдік дәрежеге шығарған еліміздің мақтанышына айналған, арттарынан өшпестей мұрақалдырған көптеген шеберлерге тоқталуға болады. Олар, ер-тұрман шеберлері Зайсан жағасының, Шығыс елінің мақтанышы болған Нәби Кәрібаев, Баянауыла, Қарқаралы Ертіс өніріне зергерлік өнерімен аты шыққан Құлмағамбет Байпақұлы, зергерлер Әбдікәрім Есалин, ағайынды Мақат, Қадыр Байжановтар, Жезқазған, Ұлытау аймағына аты танымал, зергер Д.Садықов, Байман Алтайқов, Торғай, Жетіқара ауылына атағы мен ұсталығы дарыған Ж.Жұмабаев, Ғ.Аманов, Атырау, Манғыстау, Ақтөбе аймағына тас қалаушылары мен бірге, күмбез, сәulet өнерлерін дамытқан, солардың майталман шеберлері атанған Мұқаш, Елеш, Бейімбет, Сахи Байтаниязов, Назархан Екпенбетовті, Семей, Аяқөз, Шұбартау өніріне әйгілі үйші, ерші атанған Әмірғазы Жақыпұлын, ұста Оразбай Мұқайұлын атауға болады.

Тек ғалымдар ғана емес қолөнерді 1970 жылдардың аяғынан, Кеңес өкіметінің ықпалына қарамай, өнерді сүйген жүрегінің күшімен, қолының іскерлігімен дәріпте, топ ортаны жарып шығып келе жатқан қолөнердің шебері - бүгінгі жастардың ұстазы Дәркенбай Шоқпарұлы.

Ол қазақ мұражайын жөндеуден бастаған еңбегін өнердің өшіп-сөніп, жоғалып бара жатқан тұрлеріне арнап, соларға зерттеуші-суретші ретінде баға беріп талдап қалпына келтіріп жандандырды.

Ал, бүгін танда аталардың сабактастырының тізгінін алған, Асан қайғы бабамыздың қобызының үнін жалғап жаңа дәстүрге жол бастаған Қазақтың мемлекеттік көркем-сурет академиясы, оның ішінде қолданбалы қолөнерді үйретіп, оқытатын кафедрасы, ұстаздар ұжымы, кафедра менгерушісі Данияр Қаметханов, зергер Рым Қанафин, кілемші-тоқымашы Сәуле Бапанова, қыш шеберлері Әсет Досетов, Гүлшира Тастаева, Құрман Мұратаев /5,1/.

Қазақ халқының қолөнерінің ішінде ағашты, киізді, темірді ұқсату оларды өндеп тұрмыс қажетіне қосып іске асыру, үй жиһаздарын, бұйымдарын жасау тек нағыз шебер-үйшілердің ғана қолынан келген.

Үйші-ұсталар киіз үйдің сүйегін арнайы дайындығын ағаштардан кептіріп, морға салып иіп, сырлап жасаған. Киіз үйдің ағаштан құралатын бөлігіне шаңырақ, кереге, уық, есік жатады. Эрбір киіз үйдің іші жиһазсыз болмаған, оған жүқаяқ, ағаш төсек, жастық ағаш, кебеже, күбі, әбдіре жасалып киіз үйдің төрінен бастап босағасына дейін сәніменен орын алған.

Үйшілермен - қатар, көшпендерілер өмірін, салтын-дәстүрін көрсететін, айрықша бейнелейтін қолөнердің бір көне көзі ершілер өнері. Жылқы малы, оның ішінде небір шабандоз сәйгүліктер, Құлагердей тұлпарлар қазақ баласының жаны десек, ер жігіттің ұшар қанаты, басар тауы, алатын қамалы болып келген. Қауырсының ұшар алдында қамдал батпаған сұнқардай, көңіл бөліп, аттың жауырынын соқпастай, өкпесін қақпастай арнай ер-тоқымдар, жүген, ноқта, құйысқан дайыннатқан. Сәйгүліктер көздің нұрынан өткен сұлулығын толықтырып, толтырып, тұратындағы күмістелген, алтынданған ер-тұрмандар, қызығылт қайыстан өрнектеліп өрілген жүген, құйысқан, өмілдірік, бедерленіп таңба басылған тебінгі, тоқымдарды ерекше атаған жөн.

Аталған ат әбзелдерінің берінде де оюдың әр мәнердегі әуенде түрлери кездеседі. Осы орайда Абайдың жылқыға арналған өлең жолдары арқылы берген бағасы ою-өрнекті, ат әбзелдерін толықтыргандай болды.

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлак,
Кой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ,
Ауыз омыртқа шығынқы, майда жонды,
Ой желке, үңірейген болса сағақ.

Дегендей ою-өрнекті ат әбзелдеріне қолданғанда ерші-ұста-зергерлер осы жылқы малының сұлулық қасиеттерін өлең жолындағы теңеуге әдемілік пен көркемдікті ұштастырып, әлгі әбзелдерге асқан шеберлікпен, әр бұйымға сай сәйкестікпен композициялық шешіммен жасаған.

Киіз басу өнері ең көне, ата-бабаларымыздың көшпені өмірімен, мал шаруашылығының өркендең өсуімен бірге дамып, келе жатқан кәсіби өнердің бір түрі.

Киіз басу, оны ұқсатып ел игілігіне, тұрмысына қолдану қай дәуір, ғасырдан бастап келе жатқанын ешкім дәл айта алмайды. Керек болса ол тарихқа киіздің өзі де арашаши болып дәлелдеп бере алмайды. Өйткені қола дәуірінен қалған Пазырық қорғанынан табылған киіз қалдықтарынан басқа дәлел бола алатын киіздер жоқ. Олар

ғасырлар бойы сақталмайды. Су, ылғал, жаңбырдың әсерінен шіріп, жоғалып отырады. Жылдар бойы сақталмайды.

Сенім-сезім мен тұжырым бойынша, адам баласы аңды өлтіріп, етін жеп, терісінен киім кие білгенде, жүнін де пайдалана білді. Басында жүнінен төсөніш, жамылатын көрпелер, келе-келе жүннен арқан-жіп, киіз басып одан киім жасауды үйренді. Киіз арқылы теке-мет, қазақ үйінің киіз бөліктегі (туырлық, үзік, тұңғылғы) және көптеген бау, басқұрды есуді үйренді. Міне, содан кейін ғана өнер заттарына кірісті. Сырмак кілем, тұсқиіздер қымбатты, бағасы жок өнер туындылары болып есептеледі. Олар ғасырлар бойы тәжірибелерден өткен ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан көшпендердің дала кеңістігіндегі көрмесінен өткен, ұлы шығармалар.

Қазақтың байлығының өзі төрт тұліктің беретін өсімі мен одан алынатын өнім түрлері болды. Сондықтан мал баласына құрметпен қарап, олардың қасиеттерін дәріптең, оны кейінгі ұрпаққа уағыздал отырды. “Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар, бәрінен де қой бағып, құйрық жеген озар” деп тақпақтап, балаларды кішкене кезінен-ақ малға үйір болуға үйретеді. “Өскенде мінесің” деп, жаңа туған құлынды баласына меншіктең қояды (бәсіре), ал бала соны үйрете, күте жүріп еңбекке, адамгершілікке, шыдамдылыққа, табиғатты сүюге тәрбиеленеді. “Мал-жан аман ба?” деген ескі сөздің өзі – малдың ел өмірінде шешуші орын алғанын, сондықтан халқымыздың оған ерекше ықыласпен, құрметпен қарауының көрінісі. Атана жақсы көргенде ұл-қызын “құлыным”, “қозым”, “ботам” дейді. Бұл да малға деген ілтиппаттан туған.

Мал өсіру негізгі құнкөріс қөзі болғандықтан төрт тұлік материалдық және рухани мәдениетіміздің дамуына, оның ішіде қолөнерінің дамуына негіз болды. Тіліміздегі “жылқы жылы”, “қой жылы” секілді мүшел атаулары “қырқым кезінде”, “бие сауым”, “ет пісірім”, “қозы көш жер” тәрізді уақыт пен кеңістікті білдіретін сөздер, сезім күйін аңғартатын “ақ түйенің қарны жарылды”, “үріккен қойдай дүркіреп”, адамның мінез-қалпын білдіретін “жылқы мінезді”, “қойдан жуас” сияқты сөз орамдары, “сауар көбейсін!”, “көш көлікті болсын!” деген бата-тілектер, “қымыз мұрындық”, “сірге мөлдіретер” деп аталатын той-мерекелер, “тоқым қағар”, “ат байлар (ер бала), “қырық жеті” (қыз бала), “тұсау кесер”, “қыз қуу”, “түйе жарыс”, “ақсүйек” т.б. аталатын салттық сөздер (этнографизмдер) – мал баққан қазақ тұрмысының айнасы.

Қазақ баласы төрт тұлікті қадірлеп, қасиет тұтуы жағынан ешбір халықтан қалыспайды. Халық қиялы сонау ескі замандардың өзінде-ақ әр тұліктің шығуы жөнінде азыз-әңгімелер тудырған. Сөйтіп әр тұліктің өз пірі, сақтаушысы бар деп түсінеді. Мал басын аман

сақтау үшін төрт тұліктің иесіне сыйынған. Халық ұғымында жылқының пірі – Қамбар ата немесе Жылқышы ата, қойдың пірі – Шопан ата, түйенің пірі – Ойсыл қара, сиырдың пірі – Зенгі баба, ешкінің пірі – Сексек ата. Осынан байланысты қазақ даласында осы аттас ескерткіш – бейіт, молалар ұшырасады. Бір ғана Манғыстау аймағында “Шопан ата” деп аталатын көптеген сағана, бейіттер бар. Әрине, бұл шопан ата, жылқышы аталардың өмірде болған, болмағаны белгісіз. Бірақ мал соңында жүріп, ит-құсқа алдырмай, ересен күш-қайрат көрсеткен батыр тұлғалы бақташылардың я жылқышылардың болғаны шындық. Мұндай адамдарды елдің қадірлең, бүкіл әulet, ру болып оны жылқышы ата я шопан ата деуі ықтимал. Бұл пікірге қосымша дәлел ретінде соңғы уақыттарға дейін қолданылып келген “мырза бақташы” деген атаудың жылқышылардың бастығын дәріптеу, құрметтеу үшін қойылғандығын атай өткеніміз жөн сияқты.

Малдың піріне жалбарыну, біріншіден, ит-құстан, әр түрлі індеттен мал тұлігін аман сақтаудың амалы болса, екіншіден, әр тұліктің өз қасиетіне, киеллілігіне сенгендіктен туса керек. Ертеде әйел бала табу үстінде қатты қиналып жатса, оны пері иектеп тұр деп сенетін және ол қас күшті айдал шығатын, сөйтіп әйелдің аман-есен босануына көмектесетін кереметті мал деп түсінген. Сондықтан көбінше боз қасқа сойып батасын алатын.

Әр малдың жабайы хайуандардың міnez-құлқын, табиғи жаратылышын, олардың бір-бірінен өзгешелігін танып-білу олардың шығуы жөніндегі аңыздардың шығуына тұрткі болады. Ескі аңыз бойынша желдей жүйткіген жылқыны жел жаратқан, сортаңға жайылуды жақсы көретін түйе сортан шөптен (солончак) пайда болған, қой кек (аспан) пен оттан, тастан-тасқа секіріп жүретін ешкі тастан жаралған. Мұндай аңыздың өте көне замандардан бері келе жатқаны жанжануарды қасиетті көріп, киелі деп санаудың ислам дінінің жайылувынан көп замандар бұрын туғанын көрсетеді және бұл көне аңыз мал баққан елдің бір кездегі ой-санасын, наным-сенімін көрсетеді. Олай болса мал шаруашылығының қолөнеріне қатынасын анықтауға, оны жан-жақты түсінуге мұндай деректердің де пайдасы бар.

Ескі нанымға сәйкес қой, түйенің, жылқының адамдарды аурусырқаудан, тіл-көзден сақтай алатын қасиеті болады еken. Өйткені олар – киелі. Ертедегі бейіт басына қойылған қойтас (оның өзі арқар, қой бейнесінде тастан қашалады) аталатын тас мұсіндер осында түсініктің белгісі деуге болады. Қазақ және Орта Азиядағы басқа түркі халықтарының қолөнер бұйымдарында кездесетін “қошқар мүйіз”, “түйе табан”, т.б. оюлар және түйе жүнін жас балалардың киіміне тұмар ретінде тағу сияқты салт – олардың арғы кездерде бұл малдарды киелі санағандығының көрінісі [232, 315-318].

Қазақ салтында малды басқа теппейді, ұрып-соқпайды. Бұлай ету үлкен күнә есептелген. Өйткені қой, жылқы, түйе киелі болғандықтан, олардың қылы, жұні, сүйегі, тіпті тұяғы да қасиетті деп ұгады. Сөйтіп оларды тікелей тұмар ретінде пайдалану салт болады. Келе-келе мұндай ұғымдар ою-өрнекке ауысты; кейбір заттар, олардың бөлшектері малдың, аң-құстарың дене мүшелеріне ұқсатып жасалатын болды, уақыт өткен сайын олардың бұрынғы информациалық мәні жоғалып, жануарлар стиліндегі бұйымдар эстетикалық қызмет атқаратын болды.

1. Аргынбаев Х. Қазақ халқының қол өнері: *Ғылыми-зерттеу еңбек*. - Алматы, 1987. -128 б.
2. Сабыров Т.С. *Оқыту теориясының негіздері*. - Алматы, 1993. - 96 б.
3. Төленбаев С., Өмірбекова М. "Қазақтың ою-өрнектері". – Алматы, 1993.
4. Марғұлан Ә.Х. "Қазақ халық қол өнері". 1-2 том. – Алматы, 1981.
5. Байжігітов Б.К. *Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелері: Кеңістік пен уақыт ыргагындағы тұрақты сурет үлгілері*. - Алматы, 1998. - 192 б.
6. Қаратаев М. *Әсемділікке үйрететін ұстаз*. - Алматы, 1965.
7. Ерғалиев И.Е., Телібаев Ф. Қазақ дүниетанымының негізгі ұғымдары //Қазақстан Республикасы Ұлттық гылым академиясының хабарлары. Қоғамдық гылымдар сериясы. - 1993. -№3. - 32-38 б.
8. Жарықбаев Қ. *Әден және жантану*. - Алматы, 1996. - 224 б.
9. Мұқанов М. *Жас және педагогикалық психология*. - Алматы, 1982. - 247 б.
10. Тағы да күмістелген киіз үй хақында //Парасат, 1999. - №7. - 18-19 б.

Резюме

Автор рассматривает образцы историй национального декоративно-прикладного искусства казахского народного орнамента, а именно линейные рисунки орнамента, символы, знаки и т.д.

Раскрывает пути развития традиционных элементов декоративно-прикладного искусства казахского народного орнамента в современности.

Түйін

Автор мақалада қазақ халқының өрнектерінің ұлттық сәнді-қолданбалы өнер тарихындағы үлгілерін: оюдың сзықтық суреттерін, таңбалар мен белгілер, т.б. жөнінде мәселені қозғайды. Сонымен қатар қазақ халқының ою-өрнек өнерінің дәстүрлі элементтерін қазіргі кездердегі сәнді-қолданбалы өнерінде көрініс табуы мен даму жолдарын қарастырған.

Summary

The author considers the samples of national arts and crafts of Kazakh people,namely linear figures,symbols, signs, etc. made on rocks.

Reveals the ways of development of Traditional elements of an applied art to the present time.

РЕКЛАМА В СРЕДСТВАХ МАССОВОЙ КОММУНИКАЦИИ

С.С. Киргизбекова -
*ст.преподаватель кафедры «Графики и дизайна» ХГФ
КазНПУ имени Абая*

Реклама - это многокомпонентное социально-экономическое явление. Она имеет широкий социальный контекст во всем многообразии связей: экономических, политических, моральных, религиозных, нравственных.

Рекламная коммуникация служит рекламисту основной информативной базой для руководства в условиях развития рыночных отношений и укрепления экономических связей в процессе создания конкретного рекламного продукта.

Реклама оказывает многоплановое влияние на человека, его представления, поведения и оценки. Ее воздействие может носить как прямой, так и косвенный характер. Реклама используется для информирования общества о новшествах, призванных обеспечить жизнь человека более комфортной и удобной, что связано с созданием новых товаров и услуг. Она может применяться для решения практических задач увеличения прибыли фирм и для реализации определенных стратегических маркетинговых целей производителей. Реклама оказывает опосредованное влияние на формирование мнений на поведение людей, общественного сознания. Опосредованный характер влияния рекламы проявляется как через межличностное общение, воспроизводящее рекламные идеи в более доверительной форме обмена личным опытом, так и через массовые представления (нормы, традиции, стереотипы), принятые в обществе.

Реклама воздействует на человека с древних времен. Но свое предметное преимущество - многотиражность, способность одновременно воздействовать на большие рассредоточенные аудитории, т.е. выступать как массовое влияние, - она смогла реализовать с возникновением рынка производителей, рынка информационных средств - носителей рекламы и рынка потребителей рекламируемых товаров и услуг.

Реклама является особой формой коммуникации. Процесс коммуникации реализует наиболее общие задачи, такие например, как информировать о событиях и фактах общественной жизни, развивать контакты между людьми, управлять процессом общения. Помимо этого, реклама решает и свои частные задачи: создает заданные образы, убеждает потребителя в необходимости и возможности приобрести тот или иной товар, формирует у него желание купить рекламируемый товар, ненавязчиво и эффективно.

Взаимодействие общества и рекламы оказывается двуединым процессом: общество развивает и интенсифицирует рекламную деятельность, а рекламные технологии, в свою очередь, дают соответствующий стимул социальному-экономическому развитию общества.

Аудитория рекламной коммуникации - «объект - субъектная общность». С одной стороны, аудитория рекламной коммуникации является объектом, на который направлено коммуникативное воздействие, с другой стороны, рекламная коммуникация всегда адресована конкретному потребителю - активному субъекту /1/. В практике рекламной деятельности существует несколько классификаций рекламы. Реклама принимает тот или иной вид в зависимости от того, какая из её характеристик в данной классификации является наиболее существенной.

Критерием первой классификации выступает предмет рекламы. Согласно этому подходу реклама может быть товарной и имиджевой.

Товарная реклама - это реклама, направленная на стимулирование сбыта товаров или услуг индивидуального пользования и производственного назначения, потребителями которых являются производственные предприятия, государственные или общественные организации.

Предметом имиджевой рекламы выступает сама фирма. Цель рекламы - создание благоприятного образа компании, торговой марки или формировать организационную культуру фирмы. На начальном этапе деятельности фирмы имиджевая реклама играет ведущую роль (70% - имиджевая реклама, 30% - товарная), но по мере того, как компания приобретает известность, распределение затрат меняется /2/. Имиджевая реклама включает в себя следующие разновидности:

1. Корпоративная реклама - это фирменная реклама, способствующая созданию представления о фирме, отношения к ней и её деятельности путем формирования имиджа средствами рекламы.

2. Внутрифирменная реклама является частью комплекса мероприятий, направленных на формирование внутренней, организационной культуры компании; основывается на системе внутренних коммуникаций фирмы.

3. Реклама торговой марки - выступает как инструмент, способствующий формированию известности и отношения к торговой марке, а также поддержанию системы её стратегических образов у потребителей.

В зависимости от задач, которые она призвана решать, реклама может быть коммерческой и некоммерческой.

Коммерческая реклама направлена на извлечение материальной прибыли от продажи товара или услуги. К этой категории можно

отнести рекламы товаров массового спроса и промышленного назначения, рекламы торговых организаций.

Некоммерческая реклама служит совсем иным целям. Такая реклама, к примеру, может распространяться для привлечения внимания и создания на этой основе позитивного образа предпринимателя, предприятия, группы предприятий и даже целой отрасли (так называемая корпоративная реклама). Другими типичными примерами некоммерческой рекламы служат политическая реклама, реклама благотворительной деятельности, проводимой общественными, религиозными организациями и т.п.

С этой точки зрения можно выделить:

1) государственная реклама - развитие экономического и человеческого потенциала на благо нации и государства, продвигает интересы государства, способствует формированию благоприятного имиджа власти в обществе;

2) социальная реклама - пропагандирует общественные ценности, защищает и отстаивает интересы незащищенных слоев населения (детей, пенсионеров, инвалидов), общества в целом, связанные с жизнеобеспечивающими системами (защита окружающей среды, животных);

3) политическая реклама - способствует реализации гражданских прав и свобод членов общества (реклама политических партий, реклама общественных объединений и ассоциаций, которые формируют структуру гражданского общества) /2/.

В основе другой классификации лежит канал распространения рекламы. По типу рекламоносителя рекламы можно подразделить на несколько наиболее широко известных её видов: газетно-журнальную рекламы, видеорекламу, аудиорекламу, наружную рекламу, телерекламу. Среди новых видов рекламы следует выделить рекламу в сети Интернет.

По территории распространения реклама может быть:

1) территориальной - местной, действие которой распространяется на отдельные локальные территории: города, поселка, района, области, края;

2) региональной - действие которой распространяется на два или более края или области или на целые регионы в пределах одной страны;

3) национальной - действие которой распространяется на большую часть территории или на всю страну;

4) международной - действие которой распространяется на территории более чем одной страны;

5) региональной (как разновидность международной) - реклама, направленная на потребителей определенных регионов (например, региона Европы, Южной Америки);

6) глобальной (как разновидность международной) - воздействие которой направлено на потребителей большинства стран мира.

По составу целевой аудитории рекламу можно подразделить на: сильно-, средне- и слабо-сегментированную.

Сегодня большую часть распространяемой рекламы составляют средне- и сильно-сегментированная реклама. Таким образом, она обретает все большую конкретику и адресность, что, в свою очередь, повышает ее эффективность.

По способу (средству) передачи реклама может быть печатной, электронной, внешней (наружной).

Классическая форма рекламы - печатная - на протяжении веков сохраняла свои позиции неприкосновенными. Впрочем, времена меняются. Вместе с ними на наших глазах меняется и печатная реклама, давно представленная не только газетами и журналами. Первым электронным средством рекламы более 100 лет назад стало радио. Затем в эту обойму вошли телевидение и компьютерные рекламные технологии.

Что касается средств наружной (внешней) рекламы, то они остаются в почти первородном состоянии - ничего лучшего за истекшие столетия человечеством изобретено так и не было.

По способу исполнения реклама подразделяется на текстовую, визуальную и текстово-визуальную.

Текст в рекламе, как известно, первичен. Без него реклама не состоится. В большинстве случаев реклама бывает все же текстово-визуальной.

В свою очередь, текстовая реклама подразделяется на простую и сложную, а визуальная - на статическую и динамическую рекламу. Простая текстовая реклама - обычное объявление. Сложная текстовая реклама включает в себя набор обязательных компонентов - заголовок, подзаголовок, основной текстовый модуль, слоган и т.п. Примером статической рекламы может послужить соответствующее фотоизображение или рисунок. Видеоклип или компьютерная анимация - наиболее наглядные примеры динамической рекламы.

По методу воздействия реклама подразделяется на прямую и косвенную.

Прямая реклама, или реклама прямого действия - это реклама, ставящая нас перед фактом; вот продукт, приобретайте. Цена такая-то, телефон такой-то. Реклама косвенного действия - явление иного рода. Она не режет глаза разноцветными иллюстрациями, не

возвещает о «фантастически выгодном предложении». Она действует почти что на подсознательном уровне. И мы, не замечая того, поддаемся, впитывая рекламную информацию постепенно.

Кроме того, реклама может быть безличной и персонифицированной. В последнем случае, ее олицетворяют собой либо известные личности (кумиры), либо знатоки рекламируемого предмета (эксперты), либо сами потребители - то есть как раз те, к кому обращена реклама. Убеждает это далеко не всех, но, тем не менее - знаменитости в рекламе мелькают часто.

Наконец, реклама может быть платной и бесплатной. Бесплатная реклама - редкость в отечественной практике. Почти всегда это уже упоминавшаяся нами общественная или социальная реклама, не преследующая коммерческих целей.

Реклама как социальное явление выполняет несколько функций, она влияет на человека отдельно и на общество в целом сразу по нескольким направлениям.

1. Социализация. Это процесс внедрения в сознание человека знаний и представлений о существующих как в обществе в целом, так и в отдельных общностях нормах, стереотипах, ценностях, моделях поведения. Можно сказать, что реклама, адаптирует человека к существующему социальному миру, с ее помощью он включается в общество /3/. Реклама транслирует различным аудиториям предоставляемые обществом человеку материальные, социальные, культурные возможности. Она формирует желание использовать эти возможности, а также заставляет его действовать в направлении удовлетворения этого желания. Как правило, эти действия соответствуют интересам общества в целом. По большей части, рекламные «конструкции» находятся в поле социальных норм и социальных ценностей. Рекламный мир на удивление светел и чист, дети там сыты и умыты, старики уважаемы, мужчины успешны, а женщины заботливы.

2. Содействие прогрессу. Реклама внедряет в сознание человека новые знания и представления о новых способах совершенствования своей жизни. Тем самым она ускоряет внедрение технических и нетехнических нововведений в различные сферы социальной практики. Делает это реклама не только через предоставление информации о нововведениях, но и через подготовку сознания к предстоящим изменениям, частично снимая тот защитный барьер перед переменами, который имеется в сознании каждого человека. Реклама существенно ускорила введение в жизни карманных калькуляторов, персональных компьютеров, систем здорового питания, экологических идей и т.д. В ряде работ по рекламе первые

два аспекта воздействия рекламы на общество объединяются понятием «образовательный аспект рекламы».

3. Воздействие на интеграцию общества. Реклама транслирует на различные аудитории тексты, образы, модели поведения, способствующие формированию в обществе единых ценностей, норм, стереотипов.

Остановимся более подробно на влиянии рекламы на стереотипизацию сознания. Понятие «социальный стереотип» ввел американский журналист, социолог, дипломат Уолтер Липпман /6/. В 1922 г. в своей книге «Общественное мнение» он обратил внимание на то, что сам человек не может охватить окружающий его мир непосредственно и во всей полноте, слишком уж мир обширен, сложен и изменчив. Но поскольку человеку приходится действовать в этом мире, он сначала реконструирует в своей голове действительность в виде упрощенной модели, состоящей из стереотипов. Само слово взято У.Липпманом из полиграфии (напомним, что он был журналистом) /6/. Так называлась твердая форма для отливки текста, с помощью которой затем тиражировалось печатное издание.

Стереотип - это стандартизованный, устойчивый и, как правило, упрощенный образ какого-либо объекта или явления в сознании человека. Человек воспринимает, оценивает какой-либо реальный объект, ориентируясь на уже имеющуюся у него в голове «картинку» этого объекта - стереотип. Если приблизительно одни и те же «картинки» свойственны всему социуму, то говорят о социальных стереотипах. Именно стереотипы являются основой для формирования социальных привычек, т.е. многократно повторяющихся в данном обществе или группе стандартных схем политического, экономического, бытового, досугового и иного поведения. Чем более распространены в обществе одни и те же стереотипы, тем более общество устойчиво, хотя при этом замедляется его развитие. Реклама предлагает массовым аудиториям одни и те же идеальные модели потребительской активности, одни и те же «модели перемен», улучшения своей жизни и, тем самым, способствует типизации сознания членов общества по данному направлению социальной реальности.

4. Воздействие на дифференциацию общества. Общество представляет собой сложную систему, состоящую из различных больших и малых социокультурных групп. Именно их наличие служит залогом развития общества, поскольку источник любого развития – противоречие, конфликт между частью и целым, различными частями одного целого. Реклама, как уже говорилось, способствует интеграции общества, но, одновременно, - и его социокультурной дифферен-

циации, поскольку направлена, как правило, не на все общество, а на отдельные социумы, входящие в него, отдельные слои и группы потребителей. Представляя той или иной аудитории набор желательных для данной социокультурной группы товаров, желательную модель потребления, она, тем самым, способствует идентификации членов группы, отделению их от иных групп. Вместе с тем, реклама «не закрывает» информацию о моделях потребления тех или иных групп, не делает ее «внутренней» информацией группы. Наоборот, размещая свои предложения в СМИ, реклама делает гласными модели потребления (стиль, моду, вкус, конкретные предметы потребления), предназначенные для той или иной части общества, в том числе и элитных слоев. Учитывая, что социологи отмечают тенденцию в современном обществе, когда критерием дифференциации становится так называемый «стиль жизни» (этую теорию разрабатывал известный французский социолог Пьер Бурдье) /4/. То широкая доступность информации о различных стилях жизни различных социокультурных групп способствует, в конечном счете, социальной мобильности общества.

5. Влияние на экономическое развитие. Ускоряя сбыт, реклама способствует более быстрой оборачиваемости средств, росту прибыли на всех этапах движения товара от производителя к потребителю. Реклама также обостряет конкуренцию, заставляет производителей улучшать качество товаров, модифицировать их, снижать цены. От рекламы зависит развитие некоторых отраслей народного хозяйства - торговли в первую очередь. За счет платы за размещение рекламы существуют средства массовой информации - печать, радио, телевидение. Общеизвестно, что выручка от реализации тиража не покрывает всех расходов на выпуск газеты или журнала, а некабельные электронные СМИ вообще не взимают платы со зрителей и слушателей. Предлагая привлекательные модели перемен, реклама заставляет работника стремиться к получению больших возможностей внести эти перемены в свою жизнь. Он начинает добиваться улучшения своего материального положения через повышение своей квалификации, рост производительности труда и т.д. Одновременно, реклама способствует формированию так называемого компетентного потребителя, т.е. такого потребителя, который информирован, требователен. Высокие же требования потребителя являются одним из самых мощных стимулов развития экономики /5/.

Однако главным является следующий довод. Высокий жизненный уровень развитых стран базируется на системе массового производства. Но она, в свою очередь, полностью зависит от системы массового сбыта. Реклама обеспечивает массовый сбыт. Да, расходы

на рекламу удорожают продукцию на некоторое виды товаров (духи, например) затраты на рекламу составляют до 40% цены. Однако парадокс состоит в том, что без рекламы многие товары стоили бы еще дороже, т.к. не удалось бы создать его массовое производство и обеспечить изначально низкую себестоимость товара.

6. Содействие становлению демократического общества. Реклама появляется там, где есть возможность выбора (потребительского, политического), она «обслуживает» право человека на выбор. А именно возможность выбора из нескольких альтернатив – непременный атрибут демократии вообще и гражданского общества, в частности.

Таким образом, взаимоотношения рекламы и личности, социального института рекламы и общества неоднозначны. Здесь не подходят полярные суждения типа «черное-белое», или «плохо-хорошо». Но как бы к ней не относиться, ясно то, что это мощный инструмент воздействия на человека и на группу.

Реклама - специфическая область массовой коммуникации в условиях рыночной конкуренции между рекламодателями и различными аудиториями рекламных обращений с целью активного воздействия на эти аудитории. Эффективная реклама должна способствовать достижению определенных маркетинговых задач рекламодателя. Представляя собой самостоятельный инструмент рынка, имеющий свои особенности, она в то же время является частью системы маркетинговых коммуникаций.

Система маркетинговых коммуникаций - это единый комплекс, объединяющий участников, каналы и приемы коммуникации, направленный на установление и поддержание определенных, запланированных взаимоотношений с адресатами коммуникаций в рамках достижения ее маркетинговых целей.

Таким образом, реклама - лишь часть коммуникационного комплекса. В своей деятельности фирма может осуществлять контакты с потребителем и с помощью других средств маркетинга: через торговый персонал (прямые продажи), через «связи с общественностью», а также посредством различных видов продвижения продукта к потребителю.

Итак, мы дали определение понятию рекламы, классификацию рекламы, определили социальные и маркетинговые функции рекламы.

Коммуникативная (информационная) эффективность рекламы позволяет установить, насколько конкретное рекламное обращение, передает целевой аудитории необходимые сведения или формирует желательную для рекламодателей точку зрения, изучение которой

дает возможность улучшить качество, как содержание, так и формы подачи информации.

Реклама как вид деятельности входит в сферу общественных связей и отношений, но благодаря своей специфике обычно выделяется как самостоятельный предмет изучения, в котором прикладной аспект занимает значительное место и имеет свое проявление в социальном пространстве.

Реклама способствует формированию стиля жизни, стереотипов, которые отражают культурные особенности нации. Эффективная реклама в России появится тогда, когда создатели рекламы осознают специфические особенности российского менталитета и выявят характерные черты и отличия российского потребителя /7/.

1. Богомолова Н.Н. *Социальная психология печати, радио и телевидения*. - М., 2004. - С. 420.
2. Джоэл Джей Д. *Исследования в рекламной деятельности. Теория и практика*. - 2003. - С. 864.
3. Лебедев А. Н. *Особенности психологического воздействия в российской рекламе*. - М., 2005. С. 250.
4. Картер Г. *Эффективная реклама*. - М., 1991. - С. 244.
5. Гермогенова Л. Ю. *Эффективная реклама в России*. - М., 1994. - С. 156.
6. Федотова Л.Н. *Социология рекламной деятельности*. - М., 2007. - С. 560.
7. Харрис Р. *Психология массовых коммуникаций*. - М., 2004. - С. 448.

Түйін

Жарнама - бұл қызметтің түрі, қоғамдық байланыстар және қатынастардың саласына кіреді, бірақ арқасында өз ерекшелігіне қолданбалы түрғыға түбекейлі орында орналасатын және әлеуметтік кеңістіктеге өз әсер етуі болатын зерттеуді дербес зат әдette сияқты адыраяды.

Резюме

В данной статье рассматриваются некоторые вопросы рекламного дизайна в современном обществе, а также его роль и значение в массовой коммуникации.

Summary

Advertising as an activity within the scope of public relations and relations, but because of its specificity is usually singled out as an independent subject of study, in which the applied aspect plays a significant role and is manifested in the social space.

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

А.Ж. Құлымжанова -

Абай атындағы ҚазҰП-дың, магистратура және PhD докторантура институтының, 2-курс магистранты

Қазіргі таңда оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесінің өзектілігінің артуына мектептегі оқу-тәрбие процесіне жаңаша түрфыда қарап, оны оқушының білім, білік, дағдыны менгеру ғана емес, сонымен қатар, бойындағы дара мүмкіндіктерін, интеллектуалдық қабілеттерін өз іс-әрекетінде шығармашылық пен әлеуетін дамыта отырып, әлемдік өркениет пен ұлттық мәдениеттің үздік үлгілері арқылы шығармашыл жеке тұлға қалыптастыру мәселесі себеп болып отыр.

Оқушылардың шығармашылығы жайлы көптеген зерттеулер болғанымен, баланың жеке тұлғасы мен шығармашылығының өзара байланысы, бейнелеу өнері сабағында бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, оларға педагогикалық жағдай жасау мәселелері толық жетілмеген. Бұл тәжірибеде айтарлықтай келелі мәселе туғызады. Өйткені, көркем өнерге оқытатын көптеген оқу орындары келешек суретші тұлғасын дамытумен емес, оны кәсіптік дағдымен толықтырады, осының негізінде шығармашыл емес, жақсы орындаушылар шығады. Мектептегі дәстүрлі білім беру жүйесі айтарлықтай балалардың жеке тұлғасын, олардың шығармашылық қабілетін дамыту және әр қайсысының даралығын ашу міндетін орындаамайды.

Ресей ғалымы С.В. Максимованаң зерттеуінде шығармашыл ерекше дарынды бала, мектепте әрқашан табысты бола бермейді. Оқытушылар көбінесе осы балаларда шығармашылық бастауды байқай алмайды немесе байқағысы келмейді, кейбір оқытушылар үшін шығармашылық орындағыштыққа қарағанда құнды болмайды. Мектеп кеңістігін ұйымдастыру мүндай балаларға өзіндік толық жетілдіру мүмкіндіктерін бермейді.

Көптеген батыс ғалымдары мектеп ортасының ықпалы мен бала-лық шақтағы шығармашылық қабілеттің дамуының өзара байланысын зерттеді. Олар оқытушылар балалармен сабакты ұйымдастыру кезінде, оқушыларға өздерінің нұсқаулары мен өздеріне қолайлы амалдарды береді деген тұжырымға келді. Көптеген эмпирикалық зерттеулерде көрсетілген, кейбір ұстаздар тындағыш және конфор-

мизмді, әуестік және тәуелсіздікке қарағанда көбірек бағалайды. Осында ұстаздардың көрінісінде, мінсіз оқушы – ол нұсқауларды қатаң ұстанатын, үнсіз жұмыс істеп, тек өтілген материалды анықтауға сұрақ қоятын бала, яғни оларға ыңғайлы оқушы.

Балаларды оқытудағы маңызды факторлардың бірі олардың шығармашылық қабілетін дамытуға жағдай жасау. Оның шығармашылық қызметін жан-жақты ынталандыру үшін, оқушыны қолайлы ортамен және оқыту жүйесімен коршау керек. Сонымен қатар, қабілетті дамыту және қалыптастыру үшін шығармашылық үрдістің ерекше мінез-құлқы керек, ол күштердің барынша көп зер салуын қажет етеді. Адамның өз қызметіндегі мүмкіндіктерінің жоғарғы сатысына жиі жетуі, оның қабілеттерінің дамуы табысты болады.

Ұстазға баланың шығармашылығының айқындалуын байқап, оның жүзеге асырылуын, мүмкіншіліктердің жаңа көкжиектерін ашу, оны қызықтырып, ынталандыру маңызды болып табылады. Орыс суретшісі Н.К. Рерих: «Мектептерде шығармашылыққа, ұлы өнерге жол ашындар. Көргенсіздік пен жабырқауды, қуаныш пен көрегендікке алмастырындар. Шығармашылық түйсікті баланың кішкентай кезінен қалыптастырып, оны өмірдің қисандуынан қорғаңдар. Сонымен қатар оған бақытты да батыл, қызметке және жарқын жетістіктерге толы өмір беріңіз» деп жазды.

Шығармашылық – тікелей мағынада – бұл жаңа нәрсені құру. Мұнданай мағынада бұл сөзді барлық органикалық үдерістерде және органикалық емес өмірде қолданылады, не табиғатта туындастырылған шығармашылық өнімнің күшін беретін барлық үздіксіз өзгерістерде, барлық жаңалықтарда іске асады. Бұл ұғым жеке адамның іс-әрекетіне байланысты қолданылады. Ал жалпылама мағынада шығармашылық психикалық актінің білдіретін термин. Біздің санамыздағы мәліметтердің қайта жаңғырту немесе жинақтау барысында көрініс беретін теориялық, көркемдік және практикалық іс-әрекеттің жаңа формасын көрсетеді (ғылыми, поэзиялық, музикалық, көркем-өнер шығармашылығы).

Шығармашылық психологиясы шетелдерде XIX-XX ғасырларда қалыптаса бастады. Алғашында ол шығармашылық теориясынан пайда болды. XX ғасырдың ортасына қарай, ғылыми-техникалық революцияға байланысты, ғылым мен техникада шығармашылық іс-әрекеттің жүйелі, саналы мақсатты басқару қажеттілігі өсті. Әлеуметтік сұраныс үлгісі өзгерді, алайда, әмпирікалық білімнің ескі үлгісі жаңа қажеттілікті қанағаттандыра алмады. Жаңа әрекетті өзгертуші психологиялық білімді талап ететін жағдай туындаған.

Психологияда шығармашылықтың сипатталуы бірнеше ұғымдармен байланысты, шығармашылықты: а) қабілет; б) үдеріс, әрекет; в)

нәтиже, өнім ретінде қарастырылады. Адамзат объективті дүниенің зандылықтарын тануда қоғамдық сұранысты қанағаттандыра отырып, бар күш-жігерін жұмсап, жаңа өнімді еңбек іс-әрекеті үдерісінде жасап шығарады. Ал қысқаша психологиялық сөздікте: «Шығармашылық дегеніміз – адамдардың бұрын болып көрмеген жаңа бір нәрсені жасауға бағытталған қызметі, адамның табиғатты белгілі материалдан еңбектену арқылы алуан түрлі қоғамдық қажеттіліктерге жауап берे алатын қабілеті», - деп қарастырып, шығармашылық жаңа бір нәрсе жасау қызметі ретінде анықталады.

Баланың шығармашылық қабілетін дамыту мәселесін талдау ең алдымен «қабілет» ұғымының мәнін терең түсініп алушы қажет етеді. Адамның қабілеті жайлы сөз болғанда оның іс-әрекетінің белгілі бір түрін орындай алу мүмкіндіктері есте болады. Мұндай мүмкіндіктер іс-әрекеттерді менгеруде айтартылғанда табысқа, еңбекте жоғары көрсеткішке жетуге әкеледі.

Біркелкі тең жағдайларда (дайындық деңгейі, білім, дағды, білік, жұмсалған уақыт, ақыл-ой, дене күші) қабілетті кісі қабілеті төмендеу адамға қарағанда істе мейлінше жақсы нәтиже көрсетеді.

Қабілетті адамның жетістігі – оның нервтік психикалық қасиеттері комплексінің іс-әрекет талаптарымен сәйкес келуінің нәтижесі болып табылады.

Кез-келген іс-әрекет күрделі де сан қырлы болып келеді. Ол адамның психикалық және физикалық қуатына әр түрлі талап қояды. Егер жеке адамда бар қасиеттер жүйесі осы талаптарға сай болса, онда іс-әрекетті табысты, әрі жоғары дәрежеде орындай алады. Егер осындай сәйкестік болмаса, онда индивидте қабілет болмағаны.

Міне, сондықтан қабілетті адамның басқа бір қасиетімен (заттың түстерін жақсы айыру, пропорция сезімі, музикалық есту, т.б.) шатастыруға болмайды. Қабілет әр кезде жеке адам қасиеттерінің синтезі.

Сөйтіп, қабілетті іс-әрекет талабына сай және онда жоғары көрсеткішке жетуді қамтамасыз ететін жеке адам қасиеттерінің синтезі деп анықтауымызға болады. Ол қоғамдық және жеке адамдық зор мәнге ие. Экономика мен ғылымның, өнердің дамуында әлеуметтік объективтік жағдайлармен қатар адамдардың қабілеттері де маңызды орын алады. Осы айтылғандармен қатар қабілеттілік адамның дамуын жеделдетеді, еңбекте шығармашылық табысқа жеткізеді, оған материалдық және рухани ләzzат береді.

Қабілеттің әрқайсысының құрылымы бар, ондағы басты және жетекші қасиеттерді айыруға болады. Мәселен, сурет өнерінің тірек қасиеті әрекет үстінде дамып жетілетін көру анализаторының жаратылысынан ритмді, бояуды, жарық пен көлеңкені, форманы, пропорцияны, сыйықтарды жоғары дәрежеде сезгіштігі. Тірек қасиеттерге

суретші қолының сенсомоторлық сапалары да, сондай-ақ дамыған бейнелік есте жатады. Жетекші қасиеттерге көркем шығармашылық қиялдау қасиеттері жатады. Солардың арқасында өмір құбылыстарындағы негізгі, елеулі нәрселер көзге түседі, жалпылау және типтендіру жүзеге асады, тың композиция жасалады. Белгілі бір эмоциялық күй және қабылданатын, суреттегін құбылысқа деген эмоциялық қатынас осындай қабілетке қажетті фон міндеттін атқарады.

Қабілеттердің құрылымы жеке адамның дамуына тәуелді. Қабілеттердің дамуын репродуктивтік және шығармашылық деп аталатын екі деңгейге бөлінеді. Қабілет дамуының бірінші деңгейіндегі адам білім игеруде, іс-әрекеті менгеруде, оны белгілі үлгіде жүзеге асыруда жоғары іскерлік көрсетеді. Қабілеттің дамуының екінші деңгейінде адам соңы жаңа туынды жасай алады.

Әрине, бұл деңгейлерді метафизикалық тұрғыдан қарастыру дұрыс емес. Біріншіден, репродуктивтік әрекеттің қандай түрінде де шығармашылықтың элементі болады, ал шығармашылық әрекетке репродуктивтік енеді, мұнсыз шығармашылық болмайды. Екіншіден, қабілет дамуының аталмыш деңгейлері өзгермейтін қатып қалған нәрсе емес. Білімді және іскерлікті игеру процесінде, іс-әрекет процесінде деңгейлердің біріншісінен екіншісіне «ауысып» отырады, осыған орай оның қабілетінің құрылымы да өзгеріске түседі. Тіпті өте дарынды адамдардың өздері де өмір жолын біреуге еліктеуден бастағаны, тек тәжірибеге ие болғаннан кейін ғана шығармашылыққа ауысқаны белгілі.

Шығармашылық, ең алдымен, қажырлы да азабы мол еңбек және сонымен бірге адамның барлық және рухани күшін сарқа жұмсауды қажет ететін шабытты еңбек болып табылады. Шынайы шығармашылық әрқашан да қоғам үшін пайдалы да, мәнді нәтиже береді. Ол әлеуметтік себеп-шарттан туындастын қызмет. Одан адамның көптеген психикалық сапалары ашылады, жеке адамның ішкі мазмұны көрініс береді. Шығармашылық үдеріс кезінде адамның психикалық әрекеті барынша жоғары деңгейде өтеді.

Бұл жеке адамның интеллектуалдық, эмоциялық, еріктік күйіне жатады.

Шығармашылықтың елеулі жақтары – беріле әуестену және талпыну. Беріле әуестенген адам үшін шығармашылық өмір мәніне айналады. Оған берілу оның нәтижесі бүкіл халықтың қолдау тапқан жағдайда күшіне түседі.

Идеалистік психологияда шығармашылық адамда жарқ етіп кенеттен пайда болатын санасыз процесс ретінде қарастырылады. Оны санадан тыс болады деп қарайтын идеалистік теория өкілдері бұлай

айтқанда мынандай деректерге сүйенеді. Біріншіден, шығармашылық міндеттің шешімі кенеттен туғандай болып көрінеді (ғылым тарихында мұндай жағдайлардың болғаны шынында да тіркеуге алынған). Екіншіден, шығармашылық үдерісіндегі психикалық әрекеттің өту барысы жайлы адам жөнді ешнәрсе айтып бере алмайды (мұндай жайтар да белгілі). Бірақ бұл деректер шығармашылықтың санадан тыс сипатына дәлел бола алмайды. Шығармашылық міндетті «кенеттен» шешу, оны дәп басу – адамның жалықпай еткен ой қызметінің нәтижесі. Дәп басу көп жағдайда өзінің негізгі қағидалары жағынан да, детальдары жағынан да істің толық шешілу дәрежесіне дейін «жеткізуді» қажет етеді.

Көрнекті психолог Выготский Л.С. «шығармашылық деп жаңалық ашатын әрекетті атаған». Пономарев Я.Н. кез-келген шығармашылық бағыттағы іс-әрекеттің негізін бастамасы – шығармашылық ойлау деп, оның даму критериясы ретінде іштей жоспарлау әрекетін немесе «ойша» әрекеттену қабілетін алады. Психолог өз зерттеулерінде шығармашылықты идея, ұстаным, орындау деп түсіндіреді.

Шығармашылық іс-әрекет шығармашылық ойлаумен тығыз байланысты. XX ғасырдың 60-жылдарындағы шетел психологтарының Л.Кронбах, Е.П. Торренс, Ф.Хеддон еңбектерінде шығармашылық ақыл-оиды зияттан (интеллект) бөлек жаңалық ашу, жасау деп қарастыру орын алды.

«Бала мейлі жақсы, мейлі жаман іс болсын, әйтеуір бірдеме істеуі керек. Ештеңемен айналыспаған адамның жан дүниесі жөнді жетілмейді». Ж.Аймауытовтың бұл пікірі белгілі психолог А.Н. Леонтьевтің адам психологиясы тек іс-әрекет үстінде дамып отырады дейтін қағидасына жақын тұжырым деп есептейміз.

Адамның шығармашылық үдерісінің өзін, қиял бейнесінің қалыптасу үдерісін сипаттап бере алмайтындығын дұрыс түсіндіру қажет. Шығармашылық қиялдың бұл ерекшелігі адам өзінің не істейтінін, шығармашылық қуатының неге бағытталғанын аңфара алмайды дегендікті білдірмейді. Адам зейіні түгелімен шығармашылық обьектісіне ауғандықтан үдерістің өту барысы аңғарылмай қалады.

Д.Маккинон шығармашылық үдерістің бес сатысын атап көрсетеді:

- 1) проблеманы қою үшін білім, дағды мен шеберлікті жинау;
- 2) кей кезде проблеманы шешуге, кей кезде шаршау мен тұңғілуге әкелетін «күш жігерді жинақтау» сатысы;
- 3) проблемадан шығып, басқа іске көшіп кету; бұл саты «инкубация кезеңі» деп аталады;
- 4) «нұрға бөлену» немесе «инсайт»;
- 5) верификация [1].

Ал Селезнев А.М. шығармашылық үдерістің мынадай сатыларын ұсынады:

- 1) ғылыми проблеманы табу, зерттеу пәнін табу керек, зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін қою;
- 2) ақпараттар жинау мен зерттеу әдістемесін таңдау;
- 3) ғылыми проблеманы шешу жолдарын іздестіру, жаңа ғылыми идеяны «ұсыну»;
- 4) ғылыми жаңалық ашу, ғылыми идеяның «тууы» ғалымдарға жаңалық болып ашылған құбылыстың идеалды үлгісін жасау;
- 5) ғылыми түрде алынған жаңалықтарды логикалық үйлесімді жүйеге келтіру [4].

И. Тейлордың ойынша, шығармашылық үдерістің келесі сатылары бар:

- 1) проблеманы қою;
- 2) проблеманың метафора мен аналогияның көмегімен өзгеруі, «бағытын өзгертуі»;
- 3) шығармашылық жемісін енгізу мен қолдану, яғни қоршаған ортаның қайсыбір бөлігін өзгертіп, қайта құруы [5]. Осы жоғарыда келтірілген шығармашылық үдеріс құрылымы түсініктемелері проблеманы шығармашылықтың ең негізгі сатысы ретінде белгілейді.

Сонымен қортындылай келе, біз шығармашылық — өте күрделі психологиялық үдеріс деп білдік. Ол іс-әрекеттің түрі болғандықтан тек адамға ғана тән. Ұзак жылдар бойы ол барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері қабілеттің мұндай дәрежесіне белгілі бір шарттар орындалған жағдайда кез келген баланы көтеруге болатындығы жайлы көп айтуда. Мектеп оқушыларының қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды. Біріншіден, кез келген бала оқу әрекетінде адамзат баласының осы кезге дейінгі жинақталған тәжірибесін менгерсе екіншіден, кез келген оқушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Оқу әрекетінен шығармашылық әрекеттің айырмашылығы - ол баланың өзін-өзі қалыптастыруына өз идеясын жүзеге асыруына бағытталған жаңа әдіс-тәсілдерді іздейді. Проблеманы өзінше, жаңаша шешуге талпыныс жасайды. Біздің ойымызша, бүгінгі мектеп оқушыларының кез келгені шығармашылық тапсырмалар шешуді табыспен менгерे алады. Тек ол жұмысқа дұрыс басшылық, шебер үйымдастырушылық қажет.

Адам шығармашылық шешімді әрқашан бақылап, бағалап отырады. Ол қол жеткен нәтижелерге, ал жұмыс аяқталған соң – шығармашылық қызметінің жемісіне қанағаттанады немесе қанағаттанбайды. Сол сияқты, шығармашылық жемісіне сан рет баға беріліп, қайта бағаланып жатуы да әдеттегі жайт. Бағалау көбіне қинайды, ұзаққа

созылады және шығармашылық міндеттің ақырғы және ең мазмұнды шешімі, жолдары іздестіріледі. Дау туғызбайтын бұл фактілердің бәрі – шығармашылықтың еңбек екендігі жөніндегі көзқарастың, яғни қашанда саналы түрде жүзеге асатын мақсатты әрекет екендігінің жалтарташас дәлелі.

Шығармашылық — бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшүіне жол бермеу, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Әйткені адам туынды ғана емес жаратушы да.

1. Проблемы научного творчества. ИИИОН АН СССР. – М., 1980.
2. Жарықбаев «Жалпы психология». – Алматы: Мектеп, 1980.
3. Николаенко Н.Н. «Психология творчества». – М., 2005.
4. Селезнев А.М. Место творчества в системе «наука техника производство» //Диалектика теория и творчества. – М., 1987.
5. Teylor I., Cozdon W.J.J. Synektiks. The development of creative capacity. 1961. – N.4.
6. Мейлах Б.С., Хренов Н.А. «Психология процессов художественного творчества». – Л., 1980.

Резюме

В данной статье автор рассматривает психологические аспекты развития творческих способностей школьников. Анализируются труды зарубежных и отечественных ученых-психологов.

Түйін

Автор иақалада оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің дамуының психологиялық аспектілері, сонымен қатар мақалада көптеген әйгілі Отандық ғалым-психологтардың еңбектері жан-жақты талданып, қарастырылған.

Summary

